



МЕДИЦИНАЛЫҚ ТУРИЗМ ӘЛЕУЕТІ

3-БЕТ | ЕЛОРДА ТЫНЫСЫ



ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНДА НЕ ЖАҢАЛЫҚ?

6-7 БЕТ | БІЛІМ



АТОМ АПАТЫНАН АЛЫСТАҒАН КҮН

9-БЕТ | ҚОҒАМ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Ата Заңға өзгерістер енгізу реформаларымыздың соңғы сатысын емес, енді басталғанын білдіреді. Біз елімізді жан-жақты жаңғыртуды жалғастырамыз. Жаңартылған Конституция негізінде биліктің барлық институты қызметінің мейлінше тиімді моделін қалыптастырамыз. Олардың арасындағы үйлесім мен тепе-теңдік механизмін нығайтамыз. Дәйекті саяси жаңғыру ұлттық экономиканы дамытуға, ұлттық кәсіпкерлікті нығайтуға ықпал етеді.

№101-102
(4380)
Сенбі
27 тамыз
2022 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

А Қ Ш А М Ы

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



30 ТАМЫЗ – КОНСТИТУЦИЯ КҮНІ



АТА ЗАҢ – БАСТЫ БАҒДАРЫМЫЗ

30 тамызда біз еліміздің маңызды мерекелерінің бірі – Конституция күнін атап өтеміз. Оның үстіне биыл Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен, Ата Заңға өзгерістер енгізу жөнінде референдум өткізілді. Осы дауысқа салудың негізінде Ата Заңымыздың үштен бір бөлігіне, атап айтқанда, 33 бабына 56 өзгеріс пен толықтырулар енгізілді. Осылайша 2022 жыл еліміз тарихындағы Ата Заңға ең үлкен өзгеріс жасалған жыл ретінде есте қалды.

Құрметті елорда тұрғындары!

Сіздерді Қазақстан Республикасының Конституциясы күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Конституция – елдегі тұрақтылықты, бейбітшілік пен келісімді қамтамасыз ететін жасампаздық пен өркендеудің берік кепілі. Конституция мемлекетіміздің іргесін құқықтық және зайырлы мемлекет ретінде бекітті.

Негізгі заң қабылданған күннен бастап елімізде халықтың ал-ауқатын жақсартатын маңызды реформалар өткізілді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Конституция мазмұны уақыт талабына сай жетілдіріліп, жаңартынын атап өтті.

Баршаңызға зор денсаулық, отбасылық амандық, ырыс-береке тілеймін!

Алтай КӨЛГІНОВ,
Нұр-Сұлтан қаласының әкімі



АҚОРДА ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫН ЖАРИЯЛАЙДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 1 қыркүйекте Парламент палаталарының бірлескен отырысында Қазақстан халқына Жолдауын жариялайды. Жолдаудың негізгі бөлігі еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына арналады.

ҰЛЫ ДАЛА ЖОРЫҒЫ

Елімізде тұңғыш рет қашықтығы мың шақырымнан асатын 12 күндік «Ұлы дала жорығы» аламан жарысы өтеді. Бұл жөнінде Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев мәлім етті.



Марафон-бәйгеге қатысушылар қыркүйектің 18-і күні Нұр-Сұлтан қаласынан аттанады. Бәйгеге әр өңірден 20 команда, әр өңірден бір-бір команда қосылады. Бес шабандоздан құралған командалардың әрқайсысы өз аймағының намысын қорғайды.

Бас жүлдеге 30 миллион теңге тігілді. Жеңімпаз мәреге 12 күн ішінде атпен жетугі тиіс.

Өңірлер жәрмеңкесі

Нұр-Сұлтан қаласында дәстүрлі өңірлердің азық-түлік жәрмеңкелері өтеді.

Алғашқы жәрмеңкені Түркістан облысының диқандары 27-28 тамызда өткізеді. Бұл туралы қала әкімдігінің баспасөз орталығында өткен онлайн брифингте қалалық Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы бастығының орынбасары Қуаныш Сапаров мәлімдеді.

«Нұр-Сұлтан қаласындағы жәрмеңкеге Түркістан облысынан 71 ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерінің өнімдері 40 жүк көлігімен жеткізілетін болады. Жәрмеңке Тұран даңғылы, 48 мекенжайында өтеді.

№101-102 (4380) 27/08/2022 Сенбі

ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ МҮШЕЛЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық құрылтайдың мүшелері Серік Ақылбай мен Сергей Худяковты қабылдады.



Кездесуде Президент «Қазақстан заңгерлер одағы» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы Серік Ақылбаймен отандық құқық жүйесін дамытудың кейбір аспектілерін талқылады. Ұлттық құрылтай мүшесі Мемлекет басшысына еліміздегі реформалар аясында

азаматтардың құқықтық сауатын арттыру туралы ұсыныстарын жеткізді.

Президент Ұлттық құрылтайдың мүшесі, Солтүстік Қазақстан облысы Қоғамдық кеңесінің өкілі, «Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту институты» жеке мекемесінің

директоры Сергей Худяковпен кездесуде тұрғын үй саясаты мен жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін одан әрі жетілдіруге қатысты бірқатар мәселелер айтылды. Сондай-ақ Сергей Худяков қоғамдық бірлікті нығайту жөнінде көзқарасын білдірді.

ЖАСЫЛ ЖЕЛЕКТІҢ КҮТІМІ ҚАНДАЙ?

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының хатшысы Ерлан Каналимов бастаған бір топ депутат елордада жасыл желекті күтіп ұстау барысын тексерді. Соның ішінде суару жүйесінің жұмысымен танысып, бірқатар аумақтарды аралады.



**Аманғали
ҚАЛЖАНОВ**

– Өткен жылы мәслихатта қалада отырғызылған ағаштардың қурап қалу мәселесін көтердік. Соның ішінде суару және ұңғымалар жүйелерінің болу маңызын айттық. Оның себебі шаһарда суаруға арналған суды тасымалдайтын екі-ақ орын бар. Соның бірі Ақ жол көшесіндегі дұрыс жұмыс істемейді. Ал екіншісі Кенесары көшесінің соңында орын тепкен. Басқа техникалық суды тасымалдап жеткізетін орындар жоқ. Екіншіден, тасымалданатын техникалық

судың текше метрі 4300 теңге тұрады. Бұл өте қымбат, «алтын су» десе де болады. Сондықтан әр саябақ пен скверде 3-10 текше метрлік көлемдегі ұңғыма жүйелерін орнату ұсындық. Бұл жұмыс биыл жасалды. Осының арқасында осы жылы аудандарға берілетін 4 миллиард теңгеге жуық қаржыны үнемдедік, – деді Ерлан Каналимов.

«Астана-Көгалдандыру құрылысы» ЖШС бас директоры Айбар Наурызәлінің айтуынша, биыл бірқатар саябақтар мен скверлерде суару жүйелері қалпына келтіріліп, ұңғымалар жүйелері орнатылды. Бұл жұмыс жалпы 46 гектар аумақта атқа-

рды. Мәслихат депутаттары осы жүйелердің жұмысымен танысты. Қаржы министрлігі ғимараты және Әскери-тарихи музей маңындағы Жұмабек Тәшенев ескерткіші айналасындағы суару жүйелері қалпына келтірілгеннен кейін жасыл желек жайқала бастады. Ескерткіштің айналасы көркейтіліп, көз қуантатын көрініске айналды. Мәслихат депутаттарының оған көңілдері толды. Ал Р.Қошқарбаев даңғылы мен Қордай көшесінің қиылысында жаңадан бой көтерген қоғамдық кеңістікте ұңғыма жүйесі орнатылды. Депутаттар соның жұмысымен де танысты.

Құрметті елорда тұрғындары мен қонақтары!

Мәслихат депутаттарының және жеке өз атымнан сіздерді Қазақстан Республикасының Конституциясы күнімен құттықтаймын!

Ата Заң – көпэтносты халқымыздың бірлігі мен келешегінің символы. Заңда жазылған әрбір норма – елдігіміздің берік кепілі әрі ел азаматтарының құқығын қамтамасыз етуші маңызды қағида.

Әділет, заң үстемдік құрған кез келген мемлекетте өрлеу, бейбітшілік болады. Сондықтан еліміздің тәуелсіздік жылдары түрлі салада қол жеткізген жетістіктерінің бәрі Ата Заңда жазылған қағидалардың негізінде жүзеге асты деуге толық негіз бар.

Құқықтық мемлекет құру туралы еліміздің нық ұстанымы – адамзаттық игіліктерді назарға алған маңызды үрдіс. Сондықтан Ата Заңымызда жазылған өміршең қағидалар сәтті іске асып, еліміздің ертеңі жарқын, келешегі кемел болғай!

Мереке құтты болсын!

Ерлан КАНАЛИМОВ,

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының хатшысы

МҮДДЕЛЕР ТОҒЫСЫ

Шолпан-Атада (Қырғызстан) өткен Еуразиялық үкіметаралық кеңес отырысы алаңында ҚР Премьер-министрі Әлихан Смайылов РФ Үкіметінің төрағасы Михаил Мишустинмен кездесті.

Әлихан Смайылов Қазақстан мен Ресей ынтымақтастығының нығаюына жоғары деңгейдегі тұрақты кездесулердің серпін беріп отырғанын, сондай-ақ екі ел арасындағы мемлекетаралық байланыстар барлық бағыттар бойынша өзара іс-қимылдың жоғары деңгейіне көтерілгенін атап өтті. «Өзара мүдделерді ескере отырып, дәйекті бірлескен жұмысты жалғастыруымыз керек» деді Премьер-министр.

Үкімет басшысы өткен 30 жыл ішінде мемлекеттер арасында сенімді және сындарлы диалог орнатылғанын атап өтті. Сауда-экономикалық ынтымақтастық қарқынды дамып келеді, өңіраралық ынтымақтастық және іскер топтардың байланыстары нығаюда. «Ресей – біздің негізгі сауда-экономикалық серіктесіміз. 2021 жылдың қорытындысы бойынша өзара

тауар айналымы үштен бірге өсіп, \$24,2 млрд көлемінде рекордтық көрсеткішке қол жеткіздік. 2022 жылдың бірінші жартыжылдығында да сауда 5%-ға артты. Жыл қорытындысы бойынша оң қарқын сақталып, дамитынына сенім арттамыз» деді Әлихан Смайылов.

Сонымен қатар Премьер-министр ағымдағы жағдайда екіжақты сауда-экономикалық байланыстардың күн тәртібіне жедел, салмақты және өзара тиімді шешімдерді қажет ететін жаңа тармақтар шығарылатынын айтты. «Біз прагматикалық және сенімді арнада жүйелі, бірлескен жұмысты жалғастыруымыз керек» деп атап өтті Әлихан Смайылов.

Өз кезегінде Михаил Мишустин Ресейдің Қазақстанмен тату көршілігі мен достығын бағалайтынына тоқталды. «Біз

импортты алмастыру бойынша бірлескен бағдарламаларды жүзеге асырудың жақсы перспективаларын көріп отырмыз. Өнеркәсіп, энергетика, машина жасау, көлік инфрақұрылымы, бейбіт атом, цифрландыру сияқты салаларда жаңа стратегиялық жобаларды іске қосу үшін мүмкіндіктер бар. Аталған мәселелер біздің тұрақты назарымызда» деді Михаил Мишустин.

Келіссөз барысында тараптар өнеркәсіптік кооперацияға қажетті өнімдерді жеткізу, қазақстандық шикізат транзиті, сондай-ақ тауарларды кедергісіз шығару мәселелерін талқылады. Сондай-ақ Қазақстанның солтүстік және шығыс өңірлерін газдандыру мәселелері, Каспий құбыр консорциумы мен «Астрахань-Маңғышлақ» магистральдық су тартқышының қызметі қаралды.

ДЕПУТАТТАР СПОРТ МЕКТЕБІНЕ БАРАДЫ

Келесі аптада елорда мәслихатының депутаттары ерекше қажеттілігі бар спортшыларға арналған спорт мектебіне барады. Онда паракатат секциясының жаттықтырушыларымен және тәрбиеленушілерімен кездеседі.

Басқосуда спортшыларға спорт формасын алу мәселесі шешіледі, сондай-ақ өзге де түйткілдерді шешу жолдары қаралады. Бұл туралы АМАНАТ партиясының елордалық филиалында өткен азаматтарды қабылдауда айтылды.

«Елорда тұрғыны Зәуре екі

ұлын жалғыз өзі тәрбиелеп отыр, білімі бойынша әлеуметтік қызметкер. Жақын арада біз оған жұмысқа орналасуға және балаларды жаңа оқу жылына дайындауға көмектесеміз. Сонымен қатар, азаматтарды қабылдауда медициналық көмек көрсетуге, мектеп оқушылары

мен қарттарға арналған театрға билеттер сатып алу және т.б. мәселелер қаралды. Көптеген мәселелер сол жерде шешілсе, қалғаны жеке бақылауға алынды» деді Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының хатшысы Ерлан Каналимов азаматтарды қабылдау аяқталған соң.

СУБЕЛІ СӨЗ

Ералы ТОҒЖАНОВ, Премьер-министрдің орынбасары:

“”

Гимн айтылып жатқанда жанымызды салып айтуымыз керек. Мен гимн айтылып жатқан кезде бәріңізге қарап тұрдым. Гимнде қолын салып тұрғандар да, жүрегімен айтып тұрғандар да болды. Ал әнұранды қалай айтады екен деп қарап тұрғандар да болды. Жүректі салу керек қой. Егер гимнге жанымызды салмайтын болсақ, оқу жүйе-

сін басқарып отырған азаматтар, қандай тәрбие береміз? Жүрегіңізді салмайтын болсаңыз, сіздің бір қарасыңыздан-ақ, айтқан сөзіңізден-ақ үлкен студенттер тұрмақ, балалардың өзі жай әңгіме айтып тұрғаныңызды сезеді. Бір адамды алдай алмайсыз. Ең алдымен, өзіміз осындай дүниеге мән береміз.

(«Адами капитал – Жаңа Қазақстан дамуының негізгі ресурсы» атты ғылым және жоғары білім форумында айтқан сөзі)

ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

Германиядағы Оберстдорф тау-шаңғы ишпайы қар сақтауды қолға алды.

Ол үшін Италия мен Швейцарияда сынақтан өткен тәжірибе қолданылmaq. Яғни қарды бір жерге үйіп, үсті ағаш үгінімен жабылады екен. Себебі қалыңдығы 50 сантиметрге жететін үгінді қабаты ауаның алмасуына мүмкіндік бермейтін көрінеді. Сөйтіп, күз келгенде еріп кетпеген қарды спортшылардың жаттығуына қолдану көзделген.



Иракта ұзаққа созылған құрғақшылық егіннің шықпай қалу қаупін төндіріп, ел билігі егістіктерді суару үшін Мосул қоймасынан су жіберуге мәжбүр болды.

Археологтер оларды біздің дәуірімізге дейінгі шамамен 1400 жылға жатқызады. Үйінділер Митанни империясының Закику қаласына тиесілі. Бұл империя солтүстік Сирия мен Месопотамияның бір бөлігін біздің дәуірімізге дейінгі 1550-ден 1350 жылға дейін бақылауда ұстаған.



Әлемдегі ең қуатты зымыран айға аптанбақ.

SLS деп аталатын зымыран тамыздың 29-ы күні «Орион» ғарыш аппаратымен бірге көкке көтерілмек. НАСА өкілдерінің айтуынша, ғарыш кемесі айға сынақ ретінде ұшырылып отыр. АҚШ-тың аэроавтика және ғарыш кеңістігін зерттеу жөніндегі ұлттық басқармасы болашақта осы бағдарлама арқылы айға адам жіберуді көздейді. Сондықтан осы миссия сәтті өтсе, 2024 жылы Жердің серігіне ғарышкерлер аттанады.

ПАРТИЯ БЕЛСЕНДІЛЕРІ МАРАПАТТАЛДЫ

Кеше Аманат партиясының елордалық филиалында Конституция күніне орай салтанатты іс-шара өтті. Бұған Парламент Мәжілісі төрағасының орынбасары Павел Казанцев, Аманат партиясы Нұр-Сұлтан қалалық филиалының атқарушы хатшысы Берік Жәкенов және БПҰ өкілдері және «Жастар рухы» ЖҚ жастары мен партия белсенділері қатысты.



1 қыркүйекте Парламенттің бірлескен отырысы өтеді. Кейін жеке пленарлық отырыс болады. Мұнда Конституциялық реформаның негізгі мәселелеріне қатысты 6 шұғыл заң жобасын қабылдайтын боламыз. Елімізде 5 маусымда республикалық референдум өткен болатын. ҚР Конституциясына енгізген өзгерістер мен толықтыруларды өзге де заңдарда бекіту қажет. Одан бөлек, тағы 16 заң жобасы бар. Барлығы 22 заң жобасын қабылдайтын боламыз, – деді Парламент Мәжілісі төрағасының орынбасары Павел Казанцев.

Шара соңында Мәжіліс вице-спикері мен Аманат партиясы Нұр-Сұлтан қалалық филиалының атқарушы хатшысы Берік Жәкенов партия белсенділеріне алғыс хаттар табыс етті. «Барша қазақстандықтарды алдағы Конституция күнімен құттықтаймын. Аманат партиясымен бірлескен топтармен, мүшелермен бірге жұмыс жүргізіп жатырмыз. Сол еңбегіміз бүгін бағаланып жатыр. Өздеріңіз көргендей, ҚР Парламенті Мәжілісі Төрағасының орынбасары Павел Казанцевтің қолынан алғыс хат алып жатырмыз. Елімізге тыныштық, жұртымызға амандық тілеймін. Еліміз көркейе берсін» деді Аманат партиясының белсенді мүшесі Нұрғали Кенжебаев.

БОРЫШКЕРЛЕРМЕН ЖҰМЫС КҮШЕЙЕДІ

Бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің дебиторлық және кредиторлық берешегі өткен жылдардағы берешектердің шамамен 80 пайызын құрайды. Елорда мәслихатының отырысында елорда әкімдігінің төрт басқармасында жүргізілген тексерудің қорытындысы талқыланды. Бұл туралы Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының хатшысы Ерлан Каналимов мәлім етті.

«Мемлекеттік заң бөліміне талап-арыздар бойынша, атап айтқанда, берешекті өндіріп алу және борышкерлермен сот ісін жүргізуде кәсібилігі өте күмәнді заң қызмет-

керлерінің тиімділігіне талдау жүргізуді тапсырдым. Бір ғана құрылыс басқармасында 20-ға жуық мердігер мекеме қарызгер ретінде тіркелсе, Отын-энергетика кешені және ком-

муналдық шаруашылық басқармасының жағдайы да мәз емес. Елорда мәслихатының депутаттық корпусы мүдделі мемлекеттік органдармен бірге борышкерлерден қарызды қайтару бойынша жұмысты күшейтетін болады. Жеке сот орындаушылар мен өндіріп алушылардың тәжірибесін пайдалануды, сондай-ақ жосықсыз компаниялар мен бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің жеке жауапкершілігін қатайтуды ұсындым» деп жазды Е.Каналимов әлеуметтік желідегі парақшасында.

АҚПАРАТ САЛАСЫНЫҢ ҮЗДІГІ АТАНДЫ

Конституция күні қарсаңында әріптесіміз, «Астана ақшамы» газетінің шеф-редакторы Төлен Тілеубай «Ақпарат саласының үздігі» төсбелгісімен марапатталды. Төсбелгіні «Бас редакторлар клубы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Президенті, ҚР Сенат төрағасының кеңесшісі Бибігүл Жексенбай тапсырды.

«Өзіңнің Құдай берген талантыңды, қабілетіңді үнемі қамшылап отыр» дегенді ұстанып, үнемі ізденіс үстінде шығармашылығын шыңдап жүретін Төленнің қазақ журналистикасында өзіндік орны бар.

Әр жылдары «Сана», «Ақ жол», «Қазақстан», «Жас қазақ үні», «Алтын орда», «Жас қазақ» газетінде жазған өміршең мақалалары идеясымен, мазмұнымен оқырманға орамды ой айтып, атқарушы билікке жөн сілтеді.

Ол журналистік зерттеулер мен сараптамалық мақалалар, жолсапар очерктерден бөлек, әлеуметтік ғылымдар магистрі ретінде ғылыми-публицистикалық мақалаларымен танымал.

«Аласапыран Америка», «Тәуелсіздік – тұмарым», «Цифрлық жолайрық»



Қазақстан газеттерінің бүгінгі мен ертеңі» атты кітаптардың авторы.

Қаламы жүйрік, ойы ұшқыр қаламгер халықаралық, республикалық байқаулар, фестивальдер мен форумдардың жүлдегері.

Бүгінде «Astana aqshamy» республикалық қоғамдық-саяси газетінің шеф-редакторы болып қызмет етіп, елдің және елорданың тыныс-тіршілігін ақпараттандыруға үлес қосып, мемлекеттік бағдарламаларды насихаттауда белсенділік танытып келеді.

Төленнің тағы бір қыры – қоғамдық жұмыстарға белсенді араласып, «Бас редакторлар клубы» қоғамдық бірлестігінің мүшесі ретінде қазақ журналистикасының дамуына, жаңа деңгейге көтерілуіне үлес қосуда. Әріптесімізді мерейлі марапатымен құттықтап, шығармашылық табыс тілейміз!

Тағы бір америкалық сенатор Тайваньға барды.

АҚШ Сенатының Сауда және қарулы күштер жөніндегі комитет мүшесі Марша Блэкбёрн Тайпей әуежайына әскери ұшақпен жетті. Жоспар бойынша ол Тайвань президентімен кездесу өткізбек. Басқосуда екіжақты қауіпсіздік және сауда-экономикалық қатынастар сөз болады деп күтілуде. Бұл – АҚШ-тың ресми өкілдерінің аралға үшінші рет келуі.



Ресей әскерінің саны көбейеді.
Тісті жарлыққа Ресей басшысы Владимир Путин қол қойды. Жаңа құжат 2023 жылы күшіне енеді. 2017 жылы Ресей әскерінің саны 1 миллион 900 мың адамға жеткен. Енді олардың қатары 2 миллионнан аспақ. Мақсаты жүзеге асыру үшін елдің Қорғаныс министрлігіне қосымша қаржы бөлінеді. Мамандар Ресейдің әскер санын көбейтуіне Украина соғысы әсер етті деген пікірде.

Құрметті елорда тұрғындары мен қонақтары!

Сіздерді еліміздің басты және жалпыхалықтық мерекесі - Қазақстан Республикасының Конституция күнімен шын жүректен құттықтаймын!
Бүгінгі таңда Ата Заң арқылы заманауи мемлекет орнатып, ата-бабамыздың көп ғасырлық үміті тәуелсіздік пен бостандыққа қол жеткізіп, жаңа кезеңге қадам бастық. Сондықтан біз баянды істеріміздің бастауы болған бас құжатымызды ардақтай білейік! Ата Заңды ардақ тұтқан өнегелі еліміз өркендей берсін! Тәуелсіздігіміз тұғырлы, Конституциямыз ғұмырлы, елдігіміз мәңгі болсын!

Зұлхыяр ҒАЙЫПОВ,
Нұр-Сұлтан қаласы
Қоғамдық кеңесінің төрағасы

МЕДИЦИНАЛЫҚ ТУРИЗМ ӘЛЕУЕТІ ҮЛКЕН

Қазақстан астанасының медициналық туризмді дамытуда әлеуеті зор. Бұл туралы Нұр-Сұлтан қаласы кәсіпкерлікті дамыту және инвестиция басқармасының басшысы Ержан Балтаев қазақстандық медициналық туризм қауымдастығының ашылуына орай өткен дөңгелек үстелде мәлімдеді.

Райхан
РАХМЕТОВА

Е.Балтаевтың айтуынша, елордада тіс емдеу, кардиохирургия, нейрохирургия, имплантация, экоұрықтандыру, онкология, косметикалық хи-

сай қызметтер ұсынып келеді. Олар жылына 5 мыңнан астам шетелдікке қызмет көрсетіп отыр. Соны әрі қарай дамытуымыз керек. Біздің тағы бір артықшылығымыз - ТМД аумағында тіл мәселесінде еш кедергінің болмауы, ал басқа шетелдерді қабылдау үшін медициналық персонал арасында



рургия бойынша қызметтер көрсету халықаралық стандарттарға сай жолға қойылған. Біздің медициналық туризм саласындағы артықшылығымыз да осы салалар болып отыр. Елімізге келетін шетелдіктерді де ең көп қызықтыратын және олар көп жүгінетін қызметтер осылар.

– Бүгінде әлемде медициналық туризм Корея, Түркия, Израиль, Германияда қатты дамыған. Біздің елімізде де оны дамыту әлеуеті жоғары. Осы бағыттағы барлық қызметтерді шоғырландыратын медициналық туризм қауымдастығы құрылып отыр. Қаламызда JCI халықаралық аккредитациясынан өткен 7 медициналық ұйым әлемдік талаптарға

ағылшын тілі курстарын өткізуге көмек бере аламыз. Сонымен қатар еліміздегі курорттарды да осы медициналық туризмді дамыту ісінде жұмылдыру көзделуде, – деді Е.Балтаев.

Өткен жылы Қазақстанға келген медициналық туристердің дені - Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан және Еуропа азаматтары болды. Оларды әсіресе, тіс емдеу қызметінің елімізде Еуропаға қарағанда 10-15 есе арзандығы және сапасының да жоғары болуы қызықтырған. Алдағы уақытта бірлескен жұмыстар арқасында медициналық туризм географиясын кеңейту көзделуде.

БАЗАРДАҒЫ БАҒА ҚАНДАЙ?

26.08.2022

ELORDA.INFO

ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗЫ БАР ТАУАРЛАР ТІЗБЕСІ

	Астаналық базар	«Сәлем» базары	«Шапағат» базары	Көк базар (Шанхай)
Бірінші сортты бидай ұны	480	500	700	490
Бірінші сортты ұннан пісірілген нан	150	90	140	140
Макарон өнімдері	380	250	260	280
Қарақұмық жармасы	700	520	620	600
Тазартылған күріш	500	465	480	420
Картоп	200	145	150	220
Сәбіз	270	145	165	200
Пияз	250	150	135	280
Қырыққабат	200	100	130	110
Қант	680	1000	650	720
Күнбағыс майы	1200	1280	950	800
Сыыр еті	2750	2800	2500	2600
Тауық еті	1800	1600	1380	1300
Пастерленген сүт	460	420	480	400
Айран	410	380	400	390
Сары май	4500	4500	4000	4000
Тауық жұмыртқасы (10 дана)	456	480	500	450
Ас тұзы	90	69	100	90
Сүзбе	900	950	1000	890



КОНСТИТУЦИЯ – ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗІ

Мемлекет басшысы Қ.Ж.Тоқаев осыдан екі жыл бұрын ҚР Конституциясының 25 жылдығына арналған халықаралық конференцияға қатысып айтқанындай: «Конституция Тәуелсіздігіміздің берік құқықтық негізін қалады. Адам және оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары мемлекеттің ең қымбат қазынасы деп жарияланды. Еліміздің аумақтық тұтастығы, қоғамдық келісім, саяси тұрақтылық, құқық үстемдігі және демократия қағидағары бас құқықтарымызда айқын көрініс тапты». Қасым-Жомарт Тоқаев Конституцияның мазмұны уақыт талабына сәйкес жетіліп, жаңартылып отыратынын, оның заңды құбылыс екенін айтты. Бүгінде бүкіл әлемнің кескін-келбеті өзгеріп жатыр. Осындай кезеңде Қазақстан да көштен қалмай, қарқынды дамуда. Сондықтан қалыптасқан жаңа ахуалға сай Ата заңның мәніне қосымша құқықтық тетіктер мен нормалар енгізіліп отырады. Ата Заңымыз қабылданған ширек ғасыр ішінде үш конституциялық реформа жасалды. Бұл жұмысқа азаматтық қоғам кең көлемде атсалысты. Бірақ олардың барлығы тек Парламенттің шешімімен ғана жүзеге асырылды. Биылғы, төртінші конституциялық реформаның ерекшелігі – ол бүкілхалықтық референдум арқылы жүзеге асырылып отыр.

Түзетулердің алғашқы блогы суперпрезиденттік модельден президенттік республикаға түпкілікті көшуді қамтамасыз етеді. «Біріншіден, Президент өз өкілеттігі кезеңінде ешқандай саяси партия құрамында болмайды. Бұл тыйым Конституциялық соттың, Жоғарғы Соттың, өзге де соттардың төрағалары мен судьяларына, Орталық сайлау комиссиясының, сондай-ақ ҚР жоғары аудиторлық палатасының төрағасы мен мүшелеріне қолданылады. Түзетудің артықшылығы – саяси бәсекелестікті күшейту және барлық саяси партиялардың

дамуы үшін тең жағдай жасау. Екіншіден, Президенттің жақын туыстарының мемлекеттік қызметшілер және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің басшылары лауазымдарын атқаруға құқығы болмайды. Үшіншіден, Президенттің аудандар, қалалар мен ауылдық округтер әкімдерін қызметінен босатуға құқығы болмайды» деп түсіндірді ҚР Мемлекеттік хатшысы (қазіргі Мемлекеттік кеңесші) Ерлан Қарин.

Түзетулердің екінші блогы бірқатар билік өкілеттіктерін қайта бөлуге бағытталған. «Біріншіден, Сенаттағы президенттік квота 15 депутаттан 10 депутатқа дейін қысқарады. Бұл ретте олардың бесеуін Қазақстан халқы Ассамблеясы ұсынатын болады. Екіншіден, Сенат Конституциялық Кеңес пен Жоғарғы Сот Кеңесі төрағаларының қызметіне Президент енгізетін кандидатураларды мақұлдай алады. Үшіншіден, Конституциялық сот құрылады. Конституциялық сот 11 судьядан тұрады – бұл қазіргіден төрт адамға көп. Оның құрамы былайша құрылады: 6 судьяны Парламент тағайындайды, төрт судьяны Президент тағайындайды, Конституциялық Соттың Төрағасын Сенат келісімімен Президент тағайындайды. Төртіншіден, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі Есеп комитеті Жоғары аудиторлық палата болып қайта құрылады. Оның төрағасы жылына екі рет Мәжіліс депутаттары алдында есеп береді. Мұндай шара депутаттардың бюджетті бақылауын кеңейтеді» деп түсіндірді Ерлан Қарин. Түзетулердің үшінші блогында Парламент пен оның палаталарының рөлі мен мәртебесін арттыру туралы айтылады.

Мемлекеттік хатшы Қазақстан халқы Ассамблеясының квотасы Мәжілістен Сенатқа ауыстырылып, 9 депутаттан 5 депутатқа дейін қысқаратынын еске салды. Мәжіліс депутаттары аралас сайлау жүйесі бойынша сайланатын болады. Мәжілістің 30%-ын бір мандатты депутаттар

құрамақ. Бұл барлық азаматтардың құқықтарын толық ескеруге мүмкіндік береді. «Мәжіліске заң қабылдау, ал Сенатқа оларды мақұлдау немесе мақұлдамау ұсынылады. Бұл саяси жүйедегі кедергілер мен тепе-теңдік тетігін нығайтады» деп атап өтті Ерлан Қарин.

Конституцияға енгізілетін түзетулердің төртінші блогы халықтың ел басқару ісіне көбірек қатысуын көздейді. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдерін қызметке Президент осы өңірдің барлық мәслихаттары депутаттарының келісімімен ғана тағайындайтын болады. Бұл ретте Мемлекет басшысы кемінде екі кандидатура

АТА ЗАҢЫМЫЗ ҚАБЫЛДАНҒАН ШИРЕК ҒАСЫР ІШІНДЕ ҮШ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМА ЖАСАЛДЫ. БҰЛ ЖҰМЫСҚА АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ КЕҢ КӨЛЕМДЕ АТСАЛЫСТЫ. БІРАҚ ОЛАРДЫҢ БАРЛЫҒЫ ТЕК ПАРЛАМЕНТТІҢ ШЕШІМІМЕН ҒАНА ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛДЫ. БИЫЛҒЫ, ТӨРТІНШІ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМАНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ – ОЛ БҮКІЛХАЛЫҚТЫҚ РЕФЕРЕНДУМ АРҚЫЛЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛЫП ОТЫР

ұсынып, олар бойынша дауыс беру өткізіледі. Ең көп дауыс алған кандидат лауазымға тағайындалады. Түзетулердің бесінші блогы азаматтардың құқықтарын қорғау тетігін күшейтуге бағытталған. «Біріншіден, Конституциялық сот азаматтар өтініші бойынша ҚР құқықтары мен бостандықтарын тікелей қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің Конституцияға сәйкестігін қарайтын болады. Екіншіден, өлім жазасын конституциялық деңгейде жою туралы шешім түпкілікті бекітіледі. Үшіншіден, прокуратураның жұмысы Конституциялық заңмен белгіленеді. Бұл жүйелі құқық қорғау қызметін және мемлекет атынан ел аумағында заңдылықты сақтауын жоғары қадағалауды күшейтеді» деді ол. Төртіншіден, адам құқықтары жөніндегі уәкіл институтке және қандай да бір мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдарға тәуелді болмау және есеп бермеу кепілдіктеріне ие болады. Оның Конституциялық сотқа жүгінуге құқығы болады.

Қазақстан Конституциясының басты тарихи маңызы еліміздің ұлттық бірлігін нығайту мен қоғамымызды одан әрі демократияландыруға ерекше көңіл бөлуі дер едік. Оған елімізді мекендеген жүздеген ұлт пен ұлыс өкілдерінің барлық мүдделерінің қорғалып отырғандығының нәтижесі дәлел болып отыр. Қазақстан халықтарының біртұтастығы, ұлтаралық келісімі, мемлекеттікті одан әрі нығайту, дамыту аясында ерекше маңызды орын алады. Түрлі ұлыстардың өкілдері тұрып жатқан ел халқының басын біріктіру, оны күнделікті жүзеге асыру Конституция тұжырымдамалары мен баптарында жан-жақты қарастырылған. Өткен ХХ

және атқарушы биліктердің өкілеттігі, жерге жекеменшік және азаматтық, мемлекеттік тіл және т.б. туралы мәселелер шешімін тиісті деңгейде таппаған болатын. Дегенмен де отандық конституциялық доктринаның қалыптасуына 1993 жылғы Конституцияның оң ықпал еткені дауыс, оның көптеген кемшілігі мен шикі тұстары сол мерзімдегі объективті себептердің салдары болды деп білеміз. Сөйтіп, бұл бірінші Ата Заңның елеулі жетіспеушілігі мен кемшілігі де бар еді. Оған басты себеп – бұрын еркіндік билігі қолына тимеген, оның дәмін татпаған, оған тиісті әзірлігі болмаған елде Ата Заңды асықпай, терең және жан-жақты байыппен қарап қабылдауға белгілі бір

қажет еді. Осыған қарамастан Конституциялық заң жүйесін қалыптастыруда, ондаған, жүздеген жылдар бойы тәжірибе жинақтаған өркениетті елдердің өткен жолдарын біздің жас мемлекетімізге аса қысқа уақыт ішінде жүріп өтуге тура келді. Сондықтан егемен елдің бірінші конституциясын жасауда асығыстыққа жол берілді. Нақтылап айтсақ, бірінші Конституцияны жасау барысында ел ішінде болып жатқан саяси-экономикалық және әлеуметтік т.б. процестерді бірден ой елегінен өткізу, мемлекетіміздің мүмкіндіктері мен жоспарларын ғылыми тұрғыдан нақты айқындау әлі мүмкін болмады. Осыған байланысты Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзінің «Ғасырлар тоғысында» деген еңбегінде былай деп жазған болатын: «Еліміздің алғашқы Конституциясы 1993 жылғы қаңтар айында күшіне енген бойда-ақ, өзінің кемшіліктерін, әлеуметтік-экономикалық және саяси процестердің шын ахуалынан аулақ жатқандығын көрсетті». Конститу-

Қолданыстағы Ата Заңымыздың қабылданғанына биыл 27 жыл болады. Бұл құжаттың басты ерекшелігі - онда құқықтық, демократиялық мемлекеттің қалыптастырылу бағыттары, азаматтардың құқықтары мен бостандықтары, соның ішінде жеке адамның жан-жақты еркіндігі, қоғамның идеологиялық және саяси әр алуандағы, экономикалық қатынастардың орнығуы әлемдік талаптарға сәйкестендірілген.

ция жобасын жасаушылар көп жағдайда «еркіндік» сөзінен туындаған асқақ сезімнен шыға алмады. Оның үстіне бұған біздің қоғамның тарихында осы уақытқа дейін орын алған коммунистік қиялдар мен қағидалар да өзінің едәуір ықпалын тигізді. Осындай себеп-салдарға байланысты жас тәуелсіз мемлекеттің жаңа Конституциясын қабылдау қажеттілігін уақыттың өзі алға тартты. Осылайша, елімізде конституциялық реформа жүргізу қажеттілігі туды, парламенттік дағдарыс, 1995 жылдың көктемінде Үкіметтің орнынан түсуі жаңа Конституция қабылдауға әкелді. Жаңа Конституция жобасының негізіне адам және азаматтардың бостандықтары мен құқықтарының үстемдігі, берік конституциялық мемлекет құру тұжырымдамалары салынды. Өзінің құрылымы мен заңдық техникасы жағынан еліміздің жаңа Конституциясы белгілі дәрежеде Француз Республикасы, АҚШ, Корея Республикасы, Ресей Федерациясы сияқты, яғни демократиялық өзгерістерді іске асыру мақсатында халық пен мемлекеттің мүдделерінің бірлігіне ең жоғары кепілдік үшін биліктің барлық салаларын үйлестіруді қамтамасыз ететін елдердің дәстүрлі Конституцияларына ұқсас болып шықты. Соның негізінде Қазақстанның президенттік республика жолына түскені айқын байқалды. Барлық басты билік Президенттің қолына шоғырланды. Президент конституциялық негізде Парламентті шақыру немесе тарату және заң шығару бастамашысы құқығына ие болды. Сонымен бірге Президент Конституция талабына сәйкес заң шығарушы, атқарушы және сот биліктері арасында өзара өкілеттілікті, олардың ара-қатынасын үйлестіреді. Президенттік республиканың 1995 жылы құрылған саяси жүйесі 2000 жылдардың екінші жартысына қарай өзінің тарихи міндетін толық көлемде орындап шықты. 1995 жылғы Конституция Қазақстанның қазіргі мемлекеттілігінің негізін салды. 1998, 1999, 2007, 2017, 2022 жылдардың конституциялық реформалары саяси билік институттарын ары қарай жаңғыртуға, билік тармақтары арасындағы қатынастарды реттеп, қазіргі заман талаптарына сәйкестікке келтіруге бағытталған. Сонымен қатар Конституцияда тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің халықаралық беделін жоғарылатудағы тарихи маңызы ерекше атап көрсетілген. Онда біздің егеменді мемлекетіміздің әлем қоғамдастығы алдындағы мән-мағынасы, рухы мен бүкіл болмысы, оның

өркениетті даму кезеңінің ерекшеліктері, әлемдік демократиялық құндылықтары жан-жақты көрініс тапқан. Ата Заңда қоғамда қолданылып жүрген жаңа ұғымдар мен атаулардың ғылыми және күнделікті айналымға енгізілгенін байқау қиын емес. Соның арқасында жаңа кезеңдегі нарықтық термин атаулары арнаулы, түбегейлі теориялық және қолданбалы салаға ауысты, қоғам тұрмысының ажырамас бөлігіне айналды. Бұл – Конституцияның сөзсіз жаңашылдығы. Ата Заңның ерекшелігі – ол билік тармақтарының ешқайсысына, мемлекеттік лауазым иелеріне конституциялық құқықтарды бұзуға жол бермеуінде. Мейлі, ол елдің Президенті немесе қатардағы қызметкер болсын, негізгі конституциялық құқықтарды, соның ішінде адам құқықтары мен бостандығын аяққа басуға жол бермейді. Бұрынғы Ата Заңда көрсетілген, бірақ жете тиянақталмаған көптеген маңызды мәселелердің түйіні Конституцияда жаңаша шешілген. Конституцияда республиканың азаматтығы туралы талас-тартысқа біржолата нүкте қойылған. Осыған байланысты Қазақстан Конституциясында қос азаматтық болмайтыны заң жүзінде бекітілді. Қазақстан жаңа Конституцияны қабылдау арқылы дүниежүзілік қауымдастықтан өзінің лайықты орнын алды. Қазіргі Ата Заң – еліміздің өтпелі және одан әрі алға даму кезеңіндегі маңызды тарихи құжат. Сондықтан республиканың әрбір азаматы оның мазмұнын жете біліп, талаптары мен қағидаларын мұлттық сақтауға, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге міндетті.

Ата Заңымыздың негізгі қағидаларына сүйене отырып, соңғы кездері мемлекетіміздің басшылығы әлеуметтік мәселелерді шешуге ерекше күш салуда. Тәуелсіздік жылдары ішінде елімізде қабылданған бағдарламалық-стратегиялық құжаттардың негізгі мазмұны әрбір қазақстандыққа деген қамқорлықтан тұрады. Қазақстан егемендік алуымен байланысты қазақ халқының рухани өмірінде де жаңа процестер кеңінен өріс алды. Халыққа білім беру, ғылым мен мәдениет өз дамуының кең жолына шықты. Қорытып айтқанда, жоғарыда баяндалған маңызды шаралардың барлығы мемлекетіміздің тәуелсіздігін сақтауға, республика халқының бірлігін нығайтуға, оның әлеуметтік-тұрмыс жағдайын, денсаулығын, тіршілік сапасы мен деңгейін арттыруға бағытталған жан-жақты ашып көрсетеді. Осының барлығына біздің қолымыз Ата Заңымызда көзделген тарихи ережелерге сүйене отырып, оған 2022 жылғы референдумда енгізілген аса маңызды саяси, түбегейлі демократиялық өзгерістерді жүзеге асыру, атап айтқанда: Жаңа Қазақстан қоғамының экономикалық, саяси және рухани жаңғыруын қамтамасыз ету, ғылым мен білімнің инновациялық жүйесін дамыту арқылы қолымыз жетеді.

Талғатбек ӘМИНОВ,
Мемлекет тарихы институтының аға ғылыми қызметкері, қауымдастырылған профессор



АРДАГЕРЛЕР «АТАМЕКЕНДІ» ШЫРҚАДЫ

Конституция күні қарсаңында Алматы ауданының ардагерлері қазақстандықтарды еліміздің негізгі Заңының 27 жылдығымен құттықтады.

Зейнеткерлер бұл жолы ерекше шығармашылық құттықтаулар дайындады. Ұлттық киім киген 150-ден астам ардагер «Қазақ елі» монументінің алдына жиналып, флешмоб ұйымдастырды.

Патриоттық акцияның қатысушылары алдымен «Атамекен» әнін шырқады, одан соң алаңда «Сарыжайлау» және «Сарыарқа» күйлері орындалды. Содан кейін флешмобқа қатысушылар «Жаңа Қазақстан» деген сөздерді құрастырды.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, іс-шараны өткізу

орны кездейсоқ таңдалмаған. Тәуелсіздік алаңындағы «Қазақ елі» монументі қазақ халқының күші мен бірлігін көрсетеді. Ақ мәрмәрден құйылған монументтің ұшар басындағы алтын түстес бояумен әрленген алып құс – Самұрық қазақстандықтардың достыққа адал, бауырмал, ақ ниетін паш етсе керек. Осылайша, ардагерлер Отанға деген адалдығын көрсетіп, жастарды үлгі алуға шақырды.

Нұр-Сұлтан қаласындағы Қоғамдық кеңестің мүшесі, Алматы ауданы ардагерлер кеңесінің төрағасы Марат Мұстафин биыл 5 маусымда Қазақстан Конституциясына түзетулер енгізу бойынша ре-

ферендум өткенін, нәтижесінде ел азаматтарының 80%-дан астамы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа Қазақстанды» құру жөніндегі идеясын қолдағанын атап өтті.

– Патриоттық акция флешмобқа қатысу үшін арнайы біріккен елордалық ардагерлердің бастамасы бойынша өткізілді. Аға буын өкілдері өскелең ұрпақ бойына ұлттық рухани құндылықтарға деген құрмет сезімін дарытумен бірге өздерінің баға жетпес тәжірибесімен бөлісуге тырысады. Егер азаматтар заң алдында бірдей тең болса, онда біз демократиялық және әділ Қазақстанда өмір сүретін боламыз, – деді М.Мұстафин.

Аталмыш іс-шара қоғам белсендісі Раушан Искакованың идеясымен және Нұр-Сұлтан

қаласы әкімдігінің қолдауымен өткізілді. Конституция күнін мерекелеудің маңыздылығын атап өткен қоғам белсендісі бүгінгі таңда флешмобқа тек жастар ғана емес, барлық буын өкілдері де қатыса алатынын жеткізді.

– 1995 жылдың 30 тамызы – қай-қайсымыз үшін де айтулы күн. Дәл осы күні республикалық референдумда еліміздің дамуындағы бетбұрыс болған Қазақстан Конституциясы қабылданды. Онда мемлекеттің ең жоғары құндылықтары – адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары екендігі айтылған. Аға буын өкілдері Отанымыздың жетістіктерін мақтан тұтады және жастарға осы оқиғаның маңызын түсіндіруден жалықпайды, – деді зейнеткер Р.Искакова.



Арай МҰХАМЕТЖАНОВА,
Қошқе Кеменгерұлы атындағы №49 орта мектеп директоры:

МЕМЛЕКЕТТІҢ БАСТЫ ҚҰЖАТЫ

– Егеменді еліміздің алдыңғы орындағы мемлекеттердің қатарына қосылуына қызмет ететін болашақ ұрпақты әлемдік деңгейде білім беру, білім мазмұнына жаңаша қарау – басты міндеттердің бірі. Қазақстанның Конституциясында жазылғанындай, мемлекеттің ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары.

Бүгін мектеп партасында отырған бүлдіршіндер – ертең ел тағдырын шешетін азаматтар. Олардың сапалы, сауатты, Ата Заңға сай білім алуын бүгін қамтамасыз ету – мұғалімнің басты міндеті.

1995 жылдан бері алғаш рет биыл Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Конституцияға өзгерістер енгізу туралы ұсыныс білдірді. Сөйтіп 5 маусымда Референдум нәтижесінде Конституцияға өзгерістер

енгізілді. Бұл бастама – демократияландыру бағытын жалғастырып қана қоймай, елімізде «Жаңа Қазақстан» құрылысының басталып кеткенінің тағы бір айқын дәлелі. Реформа бойынша Конституцияның үштен бір бөлігіне, атап айтқанда, 33 бабына 56 өзгеріс пен толықтырулар енгізілді.

Конституциялық түзетулер жобасы азаматтардың сұранысына негізделген және бүкіл қоғамның мүддесі үшін жүзеге асырылмақ. Конституцияға енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың бәрі өзара байланысты және бір мақсатты көздейді. Осылайша, Қазақстан Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар күшіне енді.

Конституциядағы осы өзгерістер ел өмірінің барлық саласында тура жол сілтеп, Референдум нәтижесінде айналуына кепіл бола алады.

Айдана БАЙҚАДАМОВА,
Нұр-Сұлтан қаласы Сарыарқа ауданы
№2 аудандық сотының бас маманы:

ЕЛДІКТІҢ ТІРЕГІ

– Қазіргі демократиялық мемлекеттің құқықтық жүйесінде Конституция ерекше орын алады. Ата Заң – кез келген қоғамды демократияландырудың алғы шарты және негізі.

Биылғы жылы Қазақстан Республикасы Конституциясына толықтырулар мен түзетулер енгізу уақыт талабынан туындап отырған игі қадам болды. Осы өзгерістер арқылы қоғам дамуының жаңа белестері айқындалатыны сөзсіз.

Республика Конституциясы ел Президентіне функциялар мен өкілеттіктерді жүктейді, оларды жүзеге асыру Мемлекет басшысынан Негізгі Заңның беріктігін жан-жақты қамтамасыз етуде орталық және шешуші рөл атқаруды талап етеді.

Конституцияның 40-бабына сәйкес Мемлекет басшысы халық пен мемлекеттік билік бірлігіне, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының нышаны әрі кепілі ретінде әрекет етеді. Қоғамның дамуын және мемлекеттік институттардың дағдарыссыз жұмыс істеуін ынталандыратын 1995 жылғы Қазақстан Республикасы Конституциясының тиімді жұмыс істеуі президенттік конституционализм стратегиясының ең жақсы дәлелі болып табылады.

Сол уақыттан бастап қолданыстағы Конституция бойынша үкіметтің немесе

парламенттік дағдарыстар болған жоқ. Биліктің тұрақтылығы жүргізілген конституциялық реформалардың жоспарлы және кезеңдік сипатын қамтамасыз етті.

Соның нәтижесінде қоғамдағы саяси тұрақтылық сақталды.

Құқықтық мемлекеттің маңызды құрамдас бөліктерінің бірі, оның демократиялық дамуының кепілі – сот жүйесі. Дәл оның жағдайы азаматтардың қазіргі қазақстандық құқықтық саясатқа деген көзқарасына, қоғам тарапынан билікке деген сенім деңгейіне тікелей әсер етеді. Сот төрелігін жүзеге асыру сапасы – еліміздің құқықтық мемлекет құру жолындағы ілгерілеуінің негізгі көрсеткіштерінің бірі. Бұл идея заң әдебиетінде бірнеше рет атап өтілді: «Тәуелсіз сот билігі заң үстемдігі мен конституционализмнің өзегіне, халық бостандығының басты кепіліне айналады».

Әркімге мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, лауазымды адамдардың және өзге де адамдардың Республика Конституциясы мен заңдарында көзделген құқықтарына, бостандықтары мен заңды мүдделеріне нұқсан келтіретін немесе шектейтін кез келген заңсыз шешімдері мен әрекеттерінен сот арқылы қорғануына кепілдік беріледі.

АТА ЗАҢДА АРТЫҚШЫЛЫҚТАР КӨП

Ермек ӘБДІРАСҰЛОВ,
Конституцияға өзгерістер енгізу туралы ұсыныстар әзірлеу жөніндегі жұмыс тобының мүшесі з.ғ.д., профессор:

– Бәріміз де Конституцияның тікелей әрекет ететін негізгі заң екенін білеміз. Оның нормалары көп ретте тікелей пәрменге ие болуы тиіс. Әйтсе де, екінші жағынан алғанда, оның реттеуді қажет ететін нормалары да бар. Олар – одан кейінгі ретте нақтылауды, тарқатуды талап ететін тұстар. Конституцияда мұның барлығы жақсы нақтыланған. Мәселен, заңдарды қабылдаудың жаңа тәртібі қандай болу керек екені көрсетілген. Яки, 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап Мәжіліс конституциялық заңдарды қалай қабылдайтыны, қалай мақұлдайтыны айтылған. Бұрын олар бірдей сипатта қабылданып, Конституциялық сот та 2023 жылдан бастап жұмыс істей бастамақ. Міне, мұндай нормалар алдын ала дайындалуы, арнайы заңдар қабылдауды қажет ететіні белгілі.

Бұлардан бөлек, мүлдем алынып тасталған нормалар бар. Мәселен, Тұңғыш Президент

туралы – 46 бап, 91 бап алынып тасталды. Бұл нормаларды экстраординарлы нормалар деп атаймыз. Яки, оларды орындау үшін белгілі бір уақыт күтіп немесе белгілі бір заңдарды қабылдап, нақтылап, тарқатып керек емес. Олар бірден орындалады. Осындағы сөзді немесе баптың өзін тұтасымен қолданатын органдар оларды сол бойдан бастап қолданбауы тиіс. Сондықтан қоғамдағы осы жөніндегі жаңсақ пікірді түзеу керек. Ештеңені де күтіп, тарқатып қажет емес. Елбасы туралы баптың күші бірден жойылады.

Тағы да айтамын дегенім, конституциялық реформалардың азғантай кідіріп қалғаны рас. Өйткені бұл Парламенттік канникулмен байланысты мәжбүрлі үзіліс болды. Сондықтан да қазір орындалуы тиіс кезегін күткен мәселе көп. Бірақ олардың барлығы да шешімін табатын болады. Себебі біз құқықтық мемлекетте өмір сүріп жатырмыз. Ал арнайы заңдарсыз Конституцияның жұмыс жасай алмай-

тыны белгілі. Ата Заңымыз ең бірінші кезекте заңнама арқылы жүзеге асырылады. Егер заңдар Конституцияға сәйкесетін болса, бұл – жарты шаруа. Ал ол заңдар нақты іс жүзіне асқан жағдайда Ата Заң да жүз пайыз орындалды деген сөз.

Ал одан бөлек, жаңа айтқандымдай, жария етілгеннен-ақ тікелей әрекет ететін нормалар бар. Егер мәселе Президентті жергілікті биліктің актілерінің әрекетін тоқтатудан немесе оларды тағайындаудан жанама түрде қашықтату, мәслихаттарды күшейту деген сияқты жайға тірелер болса, онда бұл жергілікті билікті күшейту үшін қажетті шараларға қайшы келмейтін өзгедей де шараларды қабылдау қажет дегенді білдіреді. Жер туралы мәселе де осы конституциялық нормалардан жанама түрде бастау алады. Жер және оның байлығы халыққа тиесілі. Ендеше оған басшылық жасау осыған қайшы келмейтін әрекеттер арқылы жүзеге асуы тиіс. Ол үшін құқықты қолданушылар осындағы тіндерді ажырата білетін кәсіби сауатты болуы тиіс. Сонда конституцияға қайшы шешімдер қабылданбайтын болады. Әйтпесе, Кон-

Қазақ тілінде оқытатын 1 сыныптарда балалар тек қазақ тілінде білім алады. Әрі қарай 2 сыныпта орыс, 3 сыныпта ағылшын тілдері қосылатын болады. Ал, орыс тілінде оқытын 1-сынып оқушылары үшін қазақ, орыс тілдері оқытылады, ағылшын тілін 3-сыныптан бастап оқиды.

Үш ауысымда оқытын мектептерден басқа барлық мектеп бес күндік жұмыс форматына көшеді. Бұл оқу жылының созылуы және оқу жүктемесінің қысқаруы есебінен жүзеге асырылады.

Мектепке дейінгі ұйымдарда «1 топта 2 тәрбиеші» қанатқақты жобасы енгізіледі.

Колледждерге академиялық дербестік беріліп, мемлекеттік тапсырыс кәсіпорындарға орналастырылды.

ЕЛОРДАДАҒЫ ТАМЫЗ МӘСЛИХАТЫ

Нұр-Сұлтан қаласында өткен дәстүрлі тамыз конференциясы – елордалық ұстаздардың басын қосқан жиын. Онда өткен оқу жылы қорытындыланып, оқушыларды тәрбиелеу мен оқытудағы ұстаздарды толғандырып жүрген өзекті мәселелер мен аймақтағы білім беру жүйесін жетілдірудегі негізгі мақсаттар мен міндеттер айқындалып, жалпы республикада білім саласына енгізіліп жатқан жаңалықтар таныстырылды.

Жылда осы мезгілде өтетін дәстүрлі тамыз конференциясына Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен, ҚР Оқу-ағарту вице-министрі Ғани Бейсембаев, Нұр-Сұлтан қаласы Білім басқармасының басшысы Қасымхан Сенғазыев, Нұр-Сұлтан қаласы бойынша Балалар құқықтары жөніндегі өңірлік уәкіл Асиа Биендина, Ыбырай Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының вице-президенті Әлия Чокушева, «Назарбаев Зияткерлік мектептерін дамыту қоры» корпоративтік қорының Басқарма директоры, PhD докторы Назипа Аюбаева және педагогика ардагерлері, мәслихат депутаттары, білім беру ұйымдарының педагогтері, ата-аналар қоғамдастығы, әлеуметтік серіктестер, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері және шақырылған қонақтар (1500-ден астам адам) қатысты. Тамыз кеңесіне әлеуметтік желі арқылы қала мектептері, орта арнаулы оқу орындары, мектепке дейінгі ұйымдар, қала тұрғындары онлайн режимде қатысты. Тамыз кеңесі басталардан бұрын фойеде мектепке дейінгі білім ұйымдарының балаларға арналған танымдық көрмелері, сондай-ақ колледж студенттерінің қолдарымен жасалған техникалары, киімдері, қолөнер бұйымдары, тағамдары келушілерге ұсынылды.

Қала әкімінің орынбасары Е.Байкен жиынға қатысушыларды Нұр-Сұлтан қаласы әкімі Алтай Көлгіновтің атынан жаңа оқу жылының басталуымен құттықтады.

– Педагогтардың тамыз конференциясы елордалық ұстаздардың жаңа оқу жылына стратегиялар мен жоспарларды нақтылай отырып, педагогикалық идеяларды ортаға салатын іс-шара. Бүгінгі жиынның тақырыбы – «Білімді ұлт. Терең білім. Еңбекқорлық және отаншылдық қасиет». Биылғы кеңесте 18-тамыздан бастап алты санат бойынша 47 панельдік секция жұмысын атқарды, бұған 20 мыңнан астам педагогтар онлайн, офлайн форматта атсалысты, – деді қала әкімінің орынбасары.

– Біздің мақсат – ұлттық құндылықтармен қаныққан, жауапты, еңбекқор, белсенді, отаншыл және өзіндік азаматтық ұстанымға ие ұрпақты тәрбиелеу, – деді өз баяндамасында Ыбырай Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының вице-президенті

ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫ:



Екі апта бойы панельдік сессияларда педагогтер мектепке дейінгі, орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім берудегі өзекті мәселелерді, балалардың құқықтарын қорғау және білім беру сапасын қамтамасыз ету мәселелерін талқылағаны белгілі. Биылғы басты жаңалықтар: мұғалімдер мен тәрбиешілердің айлық жалақысының көтерілуі, оқу жылының ұзаруы мен мектептерде бес күндік жұмыс аптасының енгізілуі.

Әлия Чокушева.

Биыл, ҚР Оқу-ағарту министрлігінің бастамасымен пән мұғалімдерінің съезі өткен. Сол жиынға қатысушы педагогтер жаңартылған білім жүйесі бойынша біраз ұсыныстар айтқаны мәлім. Жалпы, білім мазмұнының әр 5-6 жылда жаңартылуы, түзетілуі түсінікті. Бұл – заман талабына орай өзгертіліп отыратын циклды үдеріс. Әлемнің барлық еліне тән тәжірибе. «Ұлгілі оқушы» жоспарын жетілдіру мақсатымен өткен оқу жылының соңында арнайы жұмыс тобы құрылды. Топ мүшелері мамыр-маусым айларында арнайы оқытудан өтіп, әр пәннің оқыту бағдарламаларын жетілдіруге қатысып, ұсыныстарын беріп отырды. Бұл өзгерістер мен оқу бағдарламалары 2024 жылдан бастап енгізілу үшін дайындалады.

ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ БАСТЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

«Биылғы жылдың басты ерекшелігі – оқу жылының ұзаруы. Осыған орай 1-сыныптарға 35 оқу аптасын, 2-11 сыныптарға 36 оқу аптасын құрайтын оқу жылының ұзаруы енгізілді» деді Ыбырай Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының вице-президенті Әлия Чокушева. 36 оқу аптасына көшкендіктен, күнделікті оқу жүктемесі азаяды, жаңа тақырыптар қосылмайды, сағаттар қиын тақырыптарды меңгеруге, өткен тақырыптарды қайталап, бекітуге арналады. Қазақ тілінде жүргізілетін 1-сыныпта «Әліппе» ана тілінде, орыс тілінде жүргізілетін сыныпта қазақ тілі мен «Букварь. Обучение к грамоте» оқытылады. 1-сыныпта орыс тілі және шет тілі пәндері оқытылмайды. Бірінші ана тілін оқыту ұсынылады, өз ана тілін бірінші кезекте білу, екінші және шет тілдерін бала болашақта табысқа жету үшін оқытылатын болады, яғни ана тілімен білім нәрімен сусындап, қалыптасқан кезде, 2-сыныптан бастап орыс тілі оқытыла бастайды. Шет тілін білу 3-сыныптан енгізіледі. Қазақ, орыс және ағылшын тілдерінің мүлде басқа топтарға жататынын ескерсек, бұл тәсіл оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді және тілдердің оқу графикасын қабылдауға қатысты қиындықтарды болдырмайды.

1-сыныпта көркем еңбек пәні екі жеке пәнге бөлінді: бейнелеу өнері және еңбекке баулу. Бұл пән-

дер бойынша оқу бағдарламалары әзірленіп, оқу мазмұнында негізгі басымдық білім алушылардың практикалық дағдыларын қалыптастыруға берілді. Еңбекке баулу сабағында қағаздың, кептірілген жапырақтың, бұтақтардың қасиеттерін ескере келе құралдарды пайдаланып, қарапайым бұйым жасайды, үлгі бойынша жұмыс істеуді үйренеді. Бейнелеу өнері сабағында балалар күн спектрін пайдаланып, қарапайым бұйым жасайды, үлгі бойынша жұмыс істеуді үйренеді. Бейнелеу өнерінің құрамдас бөліктерін, көркемдік мақсаты мен атауларын меңгереді, шығармашылық жұмыстарды өз бетінше орындайды. Бейнелеу өнері және еңбекке баулу пәндері бойынша биыл оқулықтар әзірленбейді, тек мұғалімге әдістемелік қолдау мақсатында әдістемелік нұсқаулық ұсынылатын болады.

Алдағы оқу жылында вариативтілік компоненттегі жаһандық құзыреттер міндетті курсы жалғастырылатын болады, білім алушының тұлғалық кемелденуін, функционалдық сауаттылығын, ең бастысы – өзекті мәселелерді макро, яғни жаһандық деңгейде талдай алу қабілеттерін дамытуға бағытталған курс.

– Мектеп пен ата-ананың өзара іс-қимылының жаңа форматын іске асыру шеңберінде ата-аналар қауымдастығымен жұмыс істеудің түрлі деңгейлері айқындалып отыр. Олар: топтық, жеке, ұжымдық, – деді Әлия Чокушева.

Айта кету керек, биылғы тамыз конференциясы еркін форматта өтті, қала әкімінің орынбасары Есет Берікұлының модератор ретінде жиынды еркін жүргізуі, кеңестің мемлекеттік тілде өтуі қуантты.

Қалалық тамыз конференцияда сөз алған Оқу-ағарту вице-министрі Ғани Бейсембаев кеңеске қатысушыларды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтап, сәттілік тіледі.

ЕЛОРДАЛЫҚ ҰСТАЗДАР – ЕЛ ҰСТАЗДАРЫНА ҰЛГІ!

«XXI ғасыр – жылдам өзгерістер ғасыры. Жаңару, өзгеруді күнделікті өмірден көріп жүрсіңдер» деді вице-министр Ғ.Бейсембаев өз сөзінде. Адам тәрбиесі, тұлғаны қалыптастыру ісі де бір орнында тұрмайды, үнемі ізденіс, жетілдіру үстінде. Барлық педагогтар болашақ ғасырдың тұлғасын қалыптастыруда оған қажетті дағдыларды қалыпта-

стыруға қызмет ету – кез келген мұғалімнің, ұстаздың басты міндеті, мақсаты болуы керек. Министрліктің жалпы ұстаздардың жағдайын жақсарту, білім жүйесін жаңғыртуда көптеген жаңа бастамаларды енгізіп жатқандығы белгілі. Мемлекет басшысының да ұстаздардың жағдайын жақсартуға қатысты қабылдаған, мұғалімдердің статусын көтеруге бағытталған заңы, ұстаздардың беделін көтеріп, мерейін тасытып, әлеуетін арттыра түсетіні анық. Осы ретте қала әкімінің, Білім басқармасының елордалық ұстаздарды қолдаудың ең үздік моделін көрсетіп отырғандығын айрықша айту қажет. Нұр-Сұлтан қаласының ұстаздары – еліміздегі барлық ұстаздар қауымына мектеп қандай болуы керек, ұстаз қандай болуы керек, оқушы



қандай болуы керек дегенде үлгі тұтар, алдыңғы қатарлы, үздіктер екенін мақтанышпен айтуымыз қажет!

Жиында сөз алған Нұр-Сұлтан қаласы Білім басқармасының басшысы Қасымхан Сенғазыев білім саласының жетістіктерімен қатар өзекті мәселелерін ортаға салды.

БАЛАБАҚШАЛАР СҰРАНЫСҚА ИЕ

«Бүгінгі күні 316 жекеменшік мектепке дейінгі ұйымға 27 504 орын мемлекеттік тапсырыспен орналастырылды» деді Қасымхан Сенғазыұлы. Ағымдағы жылы республиканың жоғары оқу орындары базасында 314 тәрбиеші қайта даярлау бойынша оқытудан өтеді. Сонымен қатар жаңа оқу жылында Білім басқармасы мектепке дейінгі ұйымдардағы тәрбиешілердің кәсіби деңгейін арттыру бойынша жол картасын



әзірлейтін болады.

Нұр-Сұлтан – елордада жыл сайынғы туу деңгейі жоғары (25 мыңнан астам бала) және ішкі көші-қон (жылына 50 000 адамнан астам) дамып келе жатқандықтан мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеуге сұраныс артып тұр. Сондықтан да балабақша кезегі іс жүзінде азаймай тұр.

Балабақшалардағы орындарды көбейту мақсатында ағымдағы жылдың соңына дейін жақын жерден қолжетімділікті қамтамасыз ету қағидаты бойынша тұрғын үй кешендерінің бірінші қабаттарында үш шағын орталық (мини центр) ашу жоспарланып отыр.

Мектепке дейінгі ұйымдарда қажетті материалдық-техникалық база мен баланы дамытушы органы қауіпсіздік талаптарына сәйкестендіру мақсатында жатын бөлмелер мен қабылдау орындарын және ойын алаңдарын бейнебақылау камераларымен жабдықтау жоспарланған.

Ағымдағы жылы 30 мемлекеттік балабақша (31%) жаңа жиһазбен, дамыту кабинеттерімен жабдықты.

Жыл соңына дейін тағы 18 балабақшаның жабдықтарын

ауысымды және бала саны өте көп мектептер санын болдырмауға бағытталған.

Үш ауысымды және бала саны көп мектептер санын қысқарту мақсатында ағымдағы жылы екі ауысымда оқытын 23580 оқушы орнына арналған 11 мектеп пайдалануға берілетін болады. Алайда, жаңа мектептердің жұмыс жасауына байланысты педагог кадрлардың тапшылығы да өсе түсуде. Қазіргі уақытта елордалық білім беру саласында 20000 педагог жұмыс істейді. Олардың 48%-ы жаңа форматтағы педагогикалық аттестаттау қорытындысы бойынша біліктілік санаттарына ие және барлығы негізгі жалақысына 30-дан 50%-ға дейін қосымша ақы алады.

Жас мамандарды тарту мақсатында 2018 жылдан бастап елорда әкімдігі мемлекеттік білім беруге тапсырыс береді. Жыл сайын мемлекеттік тапсырыс бойынша 400 мұғалім біліктілігін арттырды. Биыл елордада педагогикалық мамандықтарға 1050 грант бөлінді.

Педагогикалық және басқарушылық еңбектің өнімділігі мен сапа көрсеткіштерінің бірі, мектеп қызметінің нәтижесі оқушыларды қорытынды аттестаттау болып табылады. 2022 жылы 348 түлек «Алтын белгімен» бітірсе, 431 түлек мектепті үздік дипломмен аяқтады.

Дарынды балалармен жұмыс істейтін мектептер желісі айтарлықтай көбейді. Бүгінде қалада дарынды балаларға арналған 5 мамандандырылған мектеп бар. Ағымдағы жылы №81 «Astana English School» мамандандырылған гимназиясы Қазақстанның Халықаралық бакалавриат мектебі мәртебесіне ие болған алғашқы мемлекеттік мектеп екенін ерекше атап өтуге болады.

Дарынды оқушыны анықтау, дарындылықты қалыптастыру мен дамыту бағытында жүйелі жүргізілген жұмыстардың арқасында елордалық құрама команданың республикалық жарыстарда жеңіске жетуі, сондай-ақ астаналық оқушылардың 15 жыл бойы «үздік олимпиадалық команда» атағын иеленуі тамаша жетістік болды. Биылғы жылы елорданың олимпиадалық командасы жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық олимпиадада рекордты медаль жеңіп алды, дәлірек айтсақ, команданың қоржынына барлығы 93 медаль, оның ішінде 24 алтын, 29 күміс және 40 қола медаль түсті.

БАСШЫЛАРДЫ РОТАЦИЯЛАУ

Колледж, мектеп басшыларын ротациялау болып жатыр. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығына сәйкес білім беру жүйесінде мектептердің, колледждердің және балабақшалардың бірінші басшыларын ротациялау инсти-

БИЫЛ НЕ ӨЗГЕРДІ?

туты пайда болды. 7 жыл бойы басшы болғандар бірден ауысады. 4 жылдан асқандар туралы комиссия шешім шығарады. Өзінің жұмыс істеген мектеп, колледжінің деңгейіндегі оқу орнына ауыстырылады. Ауылдық қалаға, қаланың ауылға бармайды. Тек өзі басқарған мекеменің деңгейіндегі білім беру ұйымына жіберіледі. Ротация бір білім беру ұйымында 7 жыл және одан да көп жұмыс істеген басшыларға қатысты жүргізілді. 15 жалпы білім беретін мектеп директоры және 15 мектепке дейінгі ұйымның бірінші басшылары ротацияланды.

МЕКТЕПТЕР ДАЙЫН БА?

«Биылғы жылы атқарылған жұмыстың маңызды бағыттарының бірі жаңа оқу жылына дайындық болды. 38 білім беру ұйымына жөндеу жұмыстары жүргізілді» дейді қалалық Білім басқармасының басшысы Қ.Сенғазыев. Ағымдағы жылы мектеп және балалар жиһазы, тамақтандыру блоктарына арналған жабдық, компьютерлік және білім беруді ұйымдастыруға қажетті техника, оқу-зертханалық, спорттық



бұзылған балаларға арналған 4 арнайы сынып ашылады. Қараша айында елорданың сол жағалауында аутизмді бар балаларды қолдау орталығы ашылады. Дегенмен балалар контингентінің өсуіне және көші-қонға байланысты кеңес алу үшін кезекте тұрған балалар саны азайған жоқ. Осыған байланысты 2023 жылы тағы бір психологиялық

өз кезегінде оқушылардың бос уақытын қосымша үйірмелермен қамтылуына үлкен мүмкіндік береді. Сіздер оған күш салуларыңыз қажет. Балаларды қосымша біліммен қамтуды ұлғайту мақсатында әкімдік тұрақты негізде балаларға арналған ұйымдар ашу бойынша жұмыс жүргізуде. Тек осы жылы ғана қадамдық қолжетімділік қағидаты бойынша 4500 астам баланы қамтитын 5 қосымша білім беру ұйымы ашылды.

Сондай-ақ жеке ұйымдарға мемлекеттік тапсырыс беру арқылы балаларды қосымша біліммен қамтуды ұлғайту да ойымызда бар.

Қаланың аудан әкімдіктерінің көмегінің арқасында «Балалардың игілігі үшін» республикалық акциясы аясында балаларға арналған жаңа нысандар салынып, жұмыс істеп тұр. Бұл workaut алаңдары, балалар ойын алаңдары, ашық алаңдар мен саябақтар. Елорданың орталық көшелерінде Балалар жылына арналған 127-ден астам билборд қойылды.

«Жасыл мектеп» жобасына білдірген демеушілердің қолдауын ерекше атап өткен жөн. Соның арқасында Балалар жылының соңына дейін 19 мектепте және қызмет көрсету және туризм колледжінде 20 жылжыжай ашылады. Қазіргі таңда №87 мектеп-гимназиясының базасында алғашқы жылжыжай құрылып, жұмыс істеп тұр.

Мектеп өмірі бұрынғыдай болмайды. Патриоттық және еңбек тәрбиесі жаңартылған білім беру жүйесінің маңызды бөлігіне айналады. Жаңа оқу жылынан бастап мектеп оқушыларында «Патриотизм және жаһандық құзыреттер» атты жаңа пән пайда болады.

Көшбасшылық қасиеттерді

жабдық, сондай-ақ 12 мектепке STEM кабинеттері мен виртуалды зертхана сатып алынды. Жыл соңына дейін 51 кабинетті (химия, физика, биология пәндері кабинеті) жабдықтау үшін жаңа модификациядағы заманауи жабдықтарды сатып алу жоспарланған. Барлық жалпы білім беру мекемелері 100% оқулықпен қамтамасыз етілген. Мемлекет басшысының «Оқу мектебі» жобасын іске асыру жөніндегі тапсырмасы аясында білім беру ұйымдарының кітапхана қоры 32 мыңнан астам кітап көлеміндегі көркем әдебиетпен толықты. Кітапханалардың интерьерін қайта құру жұмыстары жалғасуда. Бүгінгі таңда қаладағы 31 (33%) мектепте кітапханалар жаңартылды.

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ

Қалада жыл сайын инклюзивті білім беру жүйесі жетілдіріліп келеді, кедергісіз білім алуды қамтамасыз ету үшін ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушыларға жағдайлар жасалды. 20 жалпы білім беретін мектеп базасында арнайы ресурс орталықтары мен инклюзияны қолдау кабинеттері жұмыс істейді.

Жыл басынан бері «Асыл Мирас» аутизмді бар балаларды қолдау орталығы» атты 2 инклюзивті қолдау ұйымы және №6 психологиялық-медициналық-педагогикалық түзету кабинеті ашылды. 2022 жылдың қыркүйегінен бастап №88 мектеп-лицейінде көру қабілеті

мен тиімділігін арттыру. Қалада 11 қосымша білім беру ұйымы жұмыс жасайды, олар тек білім алушылардың 72%-ын ғана қамтып отыр, алдағы уақытта мектеп басшылары қосымша білім беру ұйымдарының басшыларымен бірлесіп балалардың қосымша біліммен қамтылуына аса көңіл бөлу керек.

Биылғы жылы Оқу ағарту министрі 5-күндік оқуға көшу жөнінде шешім қабылдады, бұл

дамыту мақсатында мектеп оқушыларының «Ұшқыр ой алаңы» дебат қозғалысын дамыту жұмыстары жүргізілуде. Елордада 6500 оқушысы бар 178 пікірсайыс клубы жұмыс істейді (150 мектептегі 93 үйірме – 5400 оқушы, 22 колледждегі 17 үйірме – 1000 оқушы). Қазірдің өзінде мектеп оқушылары арасында 52, мұғалімдер арасында 10 пікірсайыс турнирі өткізілді. Жоғары оқу орындарының сту-

дент-дебатшылары жеті кездесу өткізіп, онда мектеп оқушылары шеберлік сабақтарын алды. Оқу жылының басынан бері 95 семинар-тренинг және дебат клубтарының ардагерлерімен 10 кездесу өткізілді.

Студенттердің әлеуметтену факторларының бірі балалар мен жасөспірімдер ортасында өзін-өзі басқару мен бірлескен басқаруды дамыту болып табылады. 2021 жылдың сәуір айынан бастап барлық мектептерде «Мектеп парламенті» мектептің өзін-өзі басқаруы жұмыс істейді. Жасуалық ұйымның қатарында 129 мыңнан астам оқушы бар («Жасуалықтар» – 71 912, «Жасқырандықтар» – 57 923).

Шахмат үйірмесі шығармашыл, дарынды жеке тұлға жетілдіруге жол ашады. Сол себепті жаңа оқу жылында елорданың барлық мектептерінде шахмат клубтары мен үйірмелер ашылады. Шахмат федерациясымен бірлесіп турнирлер өткізіп, мектеп тренерлері де оқытылады.

Тағы да бір енгізетін жаңашылдық – ол домбыра үйірмесін ашу, оқушылар қатарынан домбыра

«Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын іске асыру аясында мемлекеттік білім беру тапсырысы 4,8 мың орыннан 7,3 мың орынға дейін ұлғайтылды (3800 орын-ЖБ, 3500 орын-РБ). 2025 жылға дейін сұранысқа ие мамандықтар бойынша жастардың 100%-ы тегін кәсіптік біліммен қамтылады (2022 жылы – 7300, 2023 жылы – 8500, 2024 жылы – 9500, 2025 жылы 11000 орын).

Ағымдағы жылы алғаш рет кәсіпорындардың өтінімдері бойынша кадрларды мақсатты даярлау үшін мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру жоспарлануда. Бүгінгі таңда 60 кәсіпорын 558 адамға өтінім берген.

Жаңа оқу жылында қаладағы кәсіпорындармен, сондай-ақ облыстық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп отырып дуальді оқыту бойынша жұмысты жандандыруда жоспарлап отырмыз.

Сонымен қатар, жаңа кәсіптерді болжау және кәсіпорындарды жоғары білікті мамандармен қамтамасыз ету аясында жаңа кәсіптер атласы түріндегі кадрлар қажеттілігінің өңірлік картасын әзірлеу жоспарлануда.

Бүгінгі таңда мектеп түлектерінің кәсіби өзін-өзі анықталуының маңыздылығы аз емес. Нұр-Сұлтан қаласының мектеп-

термейтін нәзік жүйе ол – адам тағдыры. Оқыту, білім беру үнемі мұғалімнің ізденісін, шығармашылық шыңдалуын талап ететін күрделі үрдіс» дейді қалалық «Алтын сақа» олимпиадасының жүлдегері, қалалық С.Мәуленов атындағы №37 мектеп-гимназиясының математика пәнінің мұғалімі, жас маман Гульбахыт Сэрээтэр. «Жер бетінде білім берудің күндізгі қайта қаралып өзгеріп жатқан тұста, дамыту деп ойлауды немесе жалпы психиканы дамыту деп қарау жеткіліксіз. Қазіргі таңда оқушылардың, қызығушылықтарының, талап пен сұраныстарының, есте сақтау қабілетінің, ішкі, сыртқы эмоцияларының, өзін ұстауы, сөйлеу мәдениетінің өзгергенін байқаймыз. Бұл дегеніміз білім беруді, тәрбиелеу үрдісінің өзгеруін талап ететін жағдай. Оқушыға «Мен айтқанды емес, мен істегендей жаса» тәсілімен білім мен тәрбие беру керектігін көптеген тәжірибелер дәлелдеп келеді. Қазіргі уақытта оқушы бойына маңызды жағалтып бара жатқан жалпыадамзаттық құндылықтарды іс-әрекет яғни өзіміз үлгі болу арқылы, сіңіре отырып, сабағымызды мазмұнды ету арқылы, өмірлеріне азық болатындай етіп, жан-жақты



оркестрін құру. Бұл оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуға, балалардың эстетикалық тәрбиесіне жағдай жасауға, қазақ халқының тарихына, әдет-ғұрыптары мен дәстүрлеріне деген сүйіспеншілікті оятуға мүмкіндік береді.

КОЛЛЕДЖДЕ ОҚУ ТИІМДІ МЕ?

Әлемдік үрдіс пен халықаралық зерттеулер табысты елдердің ұлттық байлығының 15%-ы материалдық құндылықтардан, 20%-ы табиғи ресурстардан және 65%-ы адами капиталдан тұратындығын көрсетті. Яғни, кез келген елдің жетістігінің 2/3 бөлігін білімді адамдар құрайды.

Қазіргі уақытта техникалық және кәсіптік білім беру саласында 34 колледж (9 Мемлекеттік, 25 жеке) жалпы саны 28567 студентке білім саласында өз қызметтерін ұсынып отыр, студенттердің 48,4%-ы мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша (13 810) білім алуа. Мамандарды даярлау 77 мамандық және 122 біліктілік бойынша жүргізіледі.

Колледждерде ерекше білім беру қажеттілігі бар жасөспірімдерді (инклюзив) мемлекеттік білім беру тапсырысы арқылы оқыту жыл сайын артып келеді. Биылғы жылы 5 мамандық бойынша 100 орындық 5 колледжде мемлекеттік тапсырыс берілді.

«Жас маман» жобасы аясында 8 мемлекеттік колледж заманауи жабдықтармен қамтамасыз етілді (22 мамандық бойынша) және WorldSkills халықаралық стандарттары бойынша 13 құзыреттілік орталығы ашылды.

Дуальді оқыту жүйесіне 126 кәсіпорынның қатысуымен 40 мамандық және 58 біліктілік бойынша 22 колледж тартылды.

«Мамандыққа дейінгі білім беру» жобасын жүзеге асыру мақсатында 10 аудан бойынша 33 маман тәрбиеленушілер ашылып, жұмыс істеуде.

Бірақ бұл жеткіліксіз. Сондықтан мектеп оқушыларына салалық кәсіптік бағдар беру аясында елордалық колледждер базасында оқу-өндірістік компаниялардың (ТӨП) жұмысы басталады.

Тамыз кеңесінде ата-аналар атынан сөз алған А.Сейдімбек атындағы №54 мектеп-лицейінің ата-анасы Серік Жаубасов тәрбие берудегі әкенің роліне тоқталды. Мұғалім ата-анамен бірлесіп отырып балаға дұрыс бағыт-бағдар бергенде ғана өзіне сенімді, білімді, жауапкершілігі бар тұлғаны қалыптастыра алатындығын сөз етті.

ЖАҢАШЫЛДАР КІМДЕР?

Тамыз кеңесінде математика пәнінің мұғалімі, педагогикадағы жаңашыл бағытты қолдайтын жас маман, қалалық «Алтын сақа» олимпиадасының жүлдегері, қалалық С.Мәуленов атындағы №37 мектеп-гимназиясының математика пәнінің мұғалімі Гульбахыт Сэрээтэрдің баяндамасы кеңеске қатысушылардың зор ықыласын туғызды. Ол математиканы оқытуда, құндылықтарды оқытуға тапсырма арқылы, іс-әрекет арқылы қалай үйретуге болатынына тоқталды.

«МЕН АЙТҚАНДЫ ЕМЕС, МЕН ІСТЕГЕНДЕЙ ЖАСА»

«Білім беру, оқыту жауапсыздық пен қателікті кө-

ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ ТҰҢҒЫШ КОНСТИТУЦИЯСЫ

Құжат авторы Барлыбек Сырттанұлы туралы не білеміз?

Қазақ хандығы тұсында Есім ханның ескі жолы, Қасым ханның қасқа жолы, әз Тәукенің Жеті жарғысы сияқты ұлтымыздың әдет-ғұрып, тұрмыс-салтына негізделген заңдар болғаны тарихтан белгілі. Ұлы Абай да заң жазған. 1885 жылы қырық жастағы Абай Семей генерал-губернаторы Цеклинскийдің тапсырмасымен Қарамола ережесі аталатын құжатты жазып шыққан. Ал XX ғасырдың басында Алаш қайраткері Барлыбек Сырттанұлы Әлихан Бөкейханның тапсырмасымен «Қазақ елінің уставын» жазды. Ғалымдардың пікірінше, бұл – қазақ елінің тұңғыш Конституциясы.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

«1910-1913 жылдар аралығында Барлыбек Сырттанұлы өз тарапынан құпия түрде қазақ өлкесін Ресей отарынан шығаруды көздеген жарғы әзірледі. Бұл жарғыда қазақ жері Ресей отары емес, доминионы, яғни достастық құрамына енген мемлекет болу керектігі көрсетілді. Оған сәйкес қазақ өлкесі Ресей құрамынан шығып, республика мәртебесімен жеке мемлекет болып құрылуға тиіс еді» дейді заң ғылымдарының докторы, профессор Нұрлан Дулатбеков.

Ғалымның айтуынша, жарғының негізгі идеясы – Қазақстанның саяси тәуелсіздікке қол жеткізуі. Кейінде Барлыбек Сырттанұлының бұл идеялары «Алаш» партиясының бағдарламасына енді.

«Жалпы құрылымы 4 бөлім, 28 тармақтан немесе баптан тұратын Қазақ елі жарғысының соңына «13 июнь, 1911 жыл, С.Петербург» деп мезгілі мен мекені жазылып, «С.Б. Алашинский» деген қол қойылған. «С.Б. Алашинский» – Барлыбек Сырттанұлының

бүркеншік атының бірі. Бірқатар зерттеу материалдарына «Алатау баласы» деп қол қойғаны да мәлім» дейді ғалым.

Барлыбек Сырттанұлы – Жетісу өлкесінің тумасы. Верный ер балалар гимназиясында орта білім алды. 1886 жылы Санкт-Петербург университетінің шығыстану факультетіне оқуға түсіп, оны 1890 жылы бітірді. 1891-1894 жылдары Ташкент қаласында Түркістан генерал-губернаторының қазыналық палатасында қызмет етті. 1894 жылы 29 қыркүйекте Жетісу әскери губернаторының бұйрығымен облыстық басқарманың іс жүргізу бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалды. Мұның артынша ерекше тапсырмалардың кіші шенеунігі қызметін атқарды. Ол Жетісу облыстық басқармасында қызмет ете жүріп, Ресей шенеуніктерінен жәбір көрген халыққа көмек көрсетуді өз борышы санады. 1903-1907 жылдары Ресей мен Қытай шекарасының межесін тексеру ісіне атсалысты. Орыс шаруаларының Жетісу өңіріне қоныс аударып, жергілікті

халықтың мал бағуға, егін егуге жарамды жерлерін тартып алуына наразылық танытты. «Айқап» журналында қазақ халқының әлеуметтік-саяси мәселелеріне қатысты мақалалар жариялады. Сол тұстағы жергілікті халықтың мұқмұқтажын айқындау, әрі оны шешу жолдарын қарастыру мақсатында жалпықазақ съезін шақыру мәселесін көтерді. Оның мұндай ұсынысы С.Лапин, Р.Мерсеков, Ж.Сейдалиев және Б.Қаратаев секілді қазақ зиялылары тарапынан қолдау тапты. XX ғасыр басындағы Қазақ еліндегі жағдай оны тұңғыш Конституцияны жазуға итермеледі.

Барлыбектанушы Сәкен Өзбекұлының жазуынша, 1911 жылы Барлыбек Сырттанұлы науқасқа шалдықты. Соған қарамастан, Барлыбекті Алматы облысының қазақ, қырғыз, сарт, ноғайлары патша өкіметінің жерді тартып алып жатқан саясатына өздерінің наразылықтарын білдіру үшін Ресей астанасы Санкт-Петербургке арнайы өтінішпен жіберді. Өзіне тапсырылған халықтың аманатын орындау мақ-

сатымен ол патша өкіметі шенеуніктерінің есігін күзетумен болады. Бірақ оның сөзіне ешкім құлақ аспады. Осындай сергелдең күй кешіп жүргенде бүкіл мұсылман жұртшылығына кеңінен таныс Әлихан Бөкейханмен кездеседі. Сол жерде алаштың екі арысы қазақ халқының болашағы, оның тәуелсіздігі мен бостандығы хақында тереңдеп әңгіме қозғаған. Олардың осы жүздесулері мен іштей пікірлестіктері бір арнаға тоғыса келіп, ақыры Барлыбек Сырттанұлына елдің тәуелсіздігін жариялайтын құжаттар жазуды Әлихан Бөкейханов тапсырған.

«Жарғының біз байқаған басты ерекшелігі – құжаттың еуропаша білім алып, батыс тәрбиесінен тәлім алған азаматтың қолынан шыққанына қарамастан, он бойынша елге, жерге деген махаббаттың лебі есіп, қазақ даласының «ісі» шығып тұрғандығы, салқам сахараның мұңын мұңдап, жоғын жоқтап тұрғандығы. Қазіргі тәуелсіздік тұсындағы заңдарымызда осы ұлттық ерекшеліктердің жоқтығы, қазақы «істің» аңқымауы алаңдатпай қоймайды. Жасыратыны жоқ,



біздің заңдарымыздың барлығы дерлік орыс тілінде дайындалып, сонсоң барып қазақшаға аударылатыны белгілі» дейді Нұрлан Дулатбеков.

«Қазақ елі уставының» алғашқы бөлімі «Қазақ елі республикасының жеке болуы турасында» аталады. Соның бірінші тармағында «Қазақ елі халық билейтін хәм қазақы ерекшеліктері бар ел» делінген. Осында тәуелсіз елге керек рәміздердің бірі тудың түсі де айқындалған. Барлыбек Сырттанұлының жазуынша, ол жасыл, қызыл хәм сары көлденең жолақтардан жасалуы керек еді. Ал басындағы бұрышта ай хәм жұлдыздың суреті болуы керек еді. Тудың анықтамасында: «Жасыл түс – елдің исламға берілгендігінің белгісі, қызыл – ел қорғауда төгілген қан, сары – қазақтың кең даласы, еркіндіктің белгісі» деп жазылған.

Төртінші тармаққа сәйкес, Қазақ елінде ең басшы орыны – Ұлт мәжілісі. Оған дауыспен өткендер Қазақ елінің басшысы Президентті

төрт жылға сайлайды. Ал бесінші тармақта Президенттің екі реттен асып ел билеуге хұқы жоқтығы, алтыншы тармақта Президент Қазақ елін министрлер арқылы басқаратыны, министрлерді Президент өзі таңдайтыны, бірақ Ұлт мәжілісі дауыспен шешетіні жазылған. Ал тоғызыншы тармақта Қазақ елінде билік жүргізіп, заң шығаратын парламент, орындайтын үкімет хәм сот болатыны, үш билік бір-біріне бағынбайтыны айтылған.

Жарғының екінші бөліміне «Адам баласының хұқы турасында» атауы берілген. Оның оныншы тармағында «Қазақ елінде адам баласының бәрі тең хұқылы. Дініне, қанына, тегіне, нәсіліне қарап адамды қорлауға жол жоқ. Адам тек закон хәм құдай алдында жауап береді» деп жазылған. Үшінші бөлім «Қазақ жері турасында» аталады. Соның он сегізінші бабында Қазақ жері қазақтың меншігінде болатыны, он тоғызыншы тармақта жер саудаға түспейтіні тайға таңба басқандай көрсетілген. Ал

соңғы төртінші бөлімінде сот жұмысы айқындалады. Бөлім атауы да «Сот турасында».

Осы мысалдар Қазақ елінің тұңғыш Конституциясы сауатты жазылғаны, қазіргі кездегі де заманауи талаптарға жауап беріп, кейбір баптары бүгінгі Конституциямызбен сәйкесіні байқалады. Өкініштісі, алғашқы Конституцияның авторы Барлыбек Сырттанұлы заң жазылғаннан кейін үш жыл ғана өмір сүрді. 1914 жылдың 26 қарашасында ауыр науқастан мезгілсіз қайтыс болып, Қапал қаласына жерленді.

Жас ғалым, барлыбектанушы Елдос Тоқтарбайдың зерттеуінше, Алаш қайраткері өз өлімімен өлмеуі де мүмкін. Кезінде атты екі әскери адамның келіп, оны тауға айдап әкеткені туралы деректі келтіреді ғалым. Осы дерек Барлыбекті тау арасында атып өлтірді деген болжамға жетелейді. «Қалай десек те, Барлыбекті арыстан бұ дүниеден мезгілсіз өтуі – иірілген сансыз сұрақтарға толы болып тұр. Алдағы уақыттағы барлыбектану саласының басты міндеті – оның өмір жолының құпиялы, ақтаңдақ түскен күнгейлі жақтарын ашып, жұмбағын шешу» дейді Елдос Тоқтарбай.

Барлыбек Сырттанұлының есімі Қазақ елінің тұңғыш Конституциясының авторы ретінде тарихта қалды. Алаш қайраткерінің атына елімізде көшелер, мектептер берілді. Биылғы 28 сәуірде Нұр-Сұлтан қаласының ономастика комиссиясы елорданың кейбір көшелері мен саябақтарына атау беру мәселесін қарап, бірқатар атауларды мақұлдады. Соның ішінде Е889 жобалық көшеге Барлыбек Сырттанұлының есімін беру ұсынысы қолдау тапты.

КОНСТИТУЦИЯ КӨШЕСІНДЕ ТҰРАМЫЗ...



Елорданың оң жақ жағалауында орын тепкен, көне көшелердің бірі – Конституция көшесі. Еліміздің басты құжаты – Ата Заңның құрметіне аталған көшенің тарихы және қазіргі жағдайымен жергілікті тұрғындар бөлісті.

Конституция көшесі Ақбұғы көшесінен басталып, Сыдық Мұхамеджанов, Аманқарағай, Шабал Бейсекова, Үшқара, Әбубәкір Диваев, Күләш Байсейітова көшелерімен қиылысады. Ұзындығы – 1261,1 м.

Қаладағы көне деп саналатын көшенің ғасырлық тарихы бар. Сонау 1936 жылы Сталин Конституциясы қабылданғаннан кейін Кеңес Одағы құрамындағы елдердің көптеген көшесі осы айтулы оқиғаның құрметіне аталды.

Нұр-Сұлтан қаласының мемлекеттік архивінің мәліметінше, қазіргі Конституция көшесі бұрын сталиндік Конституция көшесі деп аталған. Ақмола қалалық депутаттар кеңесінің атқару комитеті отырысының 1956 жылғы 10 ақпандағы хаттамасына сәйкес, сталиндік Конституция көшесін Кеңестік Конституция деп қайта атау туралы шешім қабылданды.

40 жылдан астам уақыт өткен соң, Ақмола қалалық мәслихатының 1997 жылғы

5 қарашадағы шешімімен Кеңестік Конституция көшесі Конституция көшесі болып өзгертілді.

Ата заң қабылдағаннан кейін Конституция аты берілген көшенің бүгінде ғимараттары да, үйлері де ескінің бейнесі іспетті. Жиырма жылдан аса осы көшеде тұрып келе жатқан Наталья есімді қала тұрғынының айтуынша, бұрын барак түріндегі үйлер болған. «Біздің көшеде «Восход» кинотеатры мен ГазБанк ғимараты болған.

Кейін олар бұзылып, бес қабатты кірпіш үйлер салынды. 1970 жылы салынған көне үй әлі де бар» деді қала тұрғыны.

Сондай-ақ бұл көшеде №26 мектеп-гимназия мен Көлік және коммуникация колледжі орналасқан. 2019 жылы қаладағы ең үздік колледж деп танылған оқу орнынан жылда төрт жүзден аса жас маман түлеп ұшады. Тұрғындардың айтуынша, колледж бұрын теміржол мектебі болған.

«Аудандық атқару комитеті де болған. Онда АХАЖ бөлімі болатын. Күйеуім екеуіміз сонда некемізді қидық. Бұл жерде шағын базар болды. Шерулер

өтіп, жәрмеңкелер ұйымдастырылып, киіз үйлер тігілетін еді» деп еске алды Наталья.

Көше бойында «Жас батыр» спорт кешені бой тепкен. Былтыр спорт кешені аумағында қазақтың тұңғыш кәсіпқой балуаны – Қажымұқан Мұңайтпасұлының 150 жылдығына орай жасалған тас мүсін бой көтеріп, қазірде менмұндалап тұр.

2000 жылдардың лебі сезілетін Конституция көшесі бүгінгі таңда абаттандырылған. Алайда қала тұрғыны Жәния Садық жөндеу жұмыстарының сирек жасалатынын алға тартады.

– Аулаларда балалар ойнай-

тын алаңқайларды жаңарту қажет. Немерелерім ойын іздеп басқа үйлердің ауласына кетеді. Біраз жыл бұрын қойылған темір қаық пен пойыздың тозғаны соншалық, балалар талай құлап жарақат алған.

Қойнауы құтты, тарихы тереңде жатқан, Ата Заңның аты берілген көшенің жайы – осы. Тұрғындардың басым бөлігі үшін бұл көше ыстық болып келеді. Дегенмен, қаланың көркеюі көшенің келбетіне байланысты. Сондықтан «Конституцияның» жаңғырғанын көпшілік армандап отыр.

Индира БЕРЖАНОВА

Биыл – Семей полигонының жабылғанына 31 жыл, Қазақстанның ядролық қаруды тартпау туралы шартқа және Атом қуаты халықаралық агенттігіне қосылғанына 28 жыл толды. Сондай-ақ Орталық Азияда ядролық қарудан азат аймақ құру туралы шарттың күшіне енгеніне де 13 жылдан асты. Атом апатынан бас тарту, ядролық қарусыз ел құру жағындағы Қазақстанның бұл қадамдары елімізді анти-ядролық қозғалыстың жаһандық көшбасшысына айналдырды. Бұл туралы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ядролық қаруды толық жою жолындағы Халықаралық күрес күніне арналған жоғары деңгейдегі пленарлық отырыста «Ядролық қарудан азат, бейбіт өмір қалыптастыру менің үкіметімнің саясатындағы басымдық болып қала береді. Бұл ұмтылыс соңғы отыз жыл ішінде Қазақстанды ядролық қаруға қарсы жаһандық қозғалыстың жақтаушысы етті. Сонымен қатар біздің ұлттық тұтастығымыздың бір бөлігіне айналды» деп атап көрсеткен болатын.

**Қалиакбар
ҮСЕМХАНҰЛЫ**

АДАМЗАТҚА КЕЛГЕН АЛАПАТ

Хиросимадағы жарылыстан бастап есептесек, адамзаттың ең алғашқы ядролық қарудан зардап шеккеніне биыл, міне, 77 жыл толды. АҚШ-тың атом қаруын жасауы және оны 1945 жылы шілде айында сынақтан өткізіп, тамыз айының басында Жапонияға тастауы әлемдегі атом дағдарысына және ірі елдердің атом қаруын жарыса жасауына мұрындық болды.



АТОМ АПАТЫНАН АЛЫСТАҒАН КҮН

Кейбір деректерде «АҚШ сол кезде Жапонияға 3 атом бомбасын тастаған, оның біреуі жарылмай қалып, жапондар оны Кеңес Одағына беріп, осы арқылы соғыста шартты түрде тізе бүккен. Жарылмай қалған осы бомба Кеңес Одағының ядролық қару жасау аяқ алысын зор дәрежеде тездеткен» деген мәлімет те айтылады. Мейлі, қалай болса да, АҚШ алғашқы атом қаруын қолданғаннан кейін АҚШ пен қара таласып келе жатқан Кеңес Одағы да көп ұзамай бұл қаруға қол жеткізді. Кеңес Одағы аумағындағы ең алғашқы ядролық қару сынағы 1949 жылы қазақ жерінде – Семей сынақ алаңында жарылды. Міне, осы күннен бастап қазақ халқы да атомның зардабын тартты.

Қатысты деректерге қарағанда, 1945 жылдан 1991 жылға дейін Қазақстанда 500-ге жуық сынақ жасалып, сынақ алаңымен шекаралас аудандардағы халықтың денсаулығына, экологиялық ортаға орасан зор зиян келтірілді. Бірақ қызыл империя жергілікті халықтың бұл жағдайымен санасқан жоқ, 1963 жылы атмосферада, суда және ғарышта атом қаруын сынауды тоқтату жөніндегі келісімшартқа қол қойылса да, шарт талаптары орындалған жоқ. Керісінше атом сынағы бейбітшілікке бағытталған, халыққа, қоршаған ортаға зиян жоқ деген екіжүзді сұрқия саясат

ұстанып, жасырын сынақтарын жалғастыра берді. Міне, осы жағдайға байланысты 1989 жылы ақпанда Қазақстандағы ядролық жарылыстарға қарсы «Невада – Семей» антиядролық қозғалыс басталды. Бұл бастама бүкіл әлем халқынан қолдау тапты. Осы қозғалыстың ықпалымен 1991 жылы 29 тамызда Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Семей ядролық сынақ алаңын жабу туралы Жарлыққа қол қойды. 2009 жылы БҰҰ 29 тамызды Халықаралық ядролық сынақтарға қарсы күн ретінде елімізде Семей ядролық полигонының жабылу күні ретінде атап өтуді ұйғарды. Біздің бұл күнді айрықша әспеттейтініміздің сыры, міне, осында.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫН ДА ҚАСІРЕТКЕ БАТЫРДЫ

Қазақстан Республикасы дүниежүзілік тарихта жойқын ядролық полигонды жапқан және жаппай қырып-жою қаруынан өз еркімен бас тартқан алғашқы мемлекет саналады. Семей ядролық полигонының жабылуы қазақ халқы қырық жыл күткен тағдыр кесті шешім еді. Қазақстанның Денсаулық сақтау министрлігінің статистикалық мәліметтеріне жүгінсек, Семей полигонындағы атом бомбасы қаруын сынақтан өткізу салда-

рынан 1,5 миллион адам зардап шеккен. Семей қаласы мен оның төңірегінде онкологиялық аурулармен ауру көрсеткіші 100 мың тұрғынға шаққанда 263,3 адамды құраса, ұлттық көрсеткіш 184-ке жеткен.

Ал Семей полигонының тарихына келер болсақ, 1949 жылы 29 тамызда Кеңес Одағы алғашқы ядролық қаруды сынақтан өткізіпті. 1949-1989 жылдар аралығында қазақ жерінде кем дегенде 456 ядролық сынақ, сонымен қатар ондаған гидро-ядролық және гидродинамикалық сынақ жүргізілген. Бұл оңай көрсеткіш емес. Осы тұрғыдан алғанда, Семей полигонының жабылуы Қазақ елінің ең үлкен жетістігі деп айтуға болады.

ӘЛЕМГЕ ЕСІК АШҚАН ЕГЕМЕН ЕЛ

Қазақстан Семей полигонын жапқаннан кейін, көп ұзамай ядролық қарудан да өз еркімен бас тартып, бүкіл әлемге үлгі болды. Яғни Семей атом сынақ алаңын жабу, ядролық қарудан бас тарту тәуелсіз Қазақстанның әлемге оң қырынан танылуына үлкен мүмкіндік берді. Біріншіден, Қазақстан кеңестік әскери машинадан мұраға қалған әлемдегі ең ірі ядролық қару-жарақ арсеналдардан өз еркімен бас тартты. Ел ішінде ядролық қаруды сақтауды жақтаушылар болғанына қарамастан, халықаралық қауіпсіздікті нығайту

үшін бұрын-соңды болмаған қадам жасалды. Қазақстан әлем тарихында ядролық қарудан өз еркімен бас тартқан алғашқы мемлекет болды. Екіншіден, Семей ядролық полигонының жабылуы әлемдегі басқа да ядролық полигондардың жабылуына бастама болды. Қалған төртеуі – Ресейдегі Новая Земля, Муруроа атолласы (Франция), Қытайдағы Лобнор көлінің маңы және АҚШ-тың Невада штатына – аталған мемлекеттер тарапынан мораторий жарияланған. Үшіншіден, Қазақстандағы қалған ядролық қондырғылар мен ядролық материалдардың қауіпсіздік режимі қамтамасыз етілді, содан кейін атомды бейбіт мақсатта пайдалану мүмкіндігі қайтадан қалпына келтірілді.

Демек, ядролық қарусыз әлем құру – әлемдік дамудың қажеті. Қазіргідей дамыған дәуірде жаппай қырып-жою қаруы мемлекет қауіпсіздігінің бірден-бір кепілі емес. Осы тұрғыдан алғанда, еліміздің ядролық қарусыз мемлекет құру бастамасы алқауға, қолдауға татигын тамаша таңдау деп айтуға болады.

ҚАУІП ТЕ ЖОҚ ЕМЕС...

Қазақстан ядролық қарудан бас тартып, ядролық қарусыз әлем құруды қуаттағанымен, әлем адамзатқа апат әкелетін алапат қарудан әлі күнге дейін толық бас тарта алмай келеді.

БҰҰ мәліметінше, бүгінде ядролық қаруға ие 10 мемлекетте 15 мың ядролық қару сақталуда, оның жүзден астамы санаулы минуттардың ішінде іске қосыла алады. АҚШ, Ресей бастаған елдері ядролық оқ тұмсықтарының санын азайтқанымен, әлі де көп мөлшерін сақтап отыр. Халықаралық қатынастардағы қақтығыс әлеуетінің артуына және қаржы-экономикалық қайшылықтардың күшеюіне байланысты ахуал шиеленісіп кетті. Иран мен Солтүстік Кореяның ядролық бағдарламадан толық бас тартпауы, «Ядролық қаруларды кеңейтпеу туралы шарттың» да тығырыққа тірелуі, кейбір елдердің атом қаруымен төңірегіне сес көрсетуі, ішінара елдердің ядролық қаруға ие болу жағындағы талпынысының күшеюі әлемдегі ядролық қауіпсіздік мәселесін айтарлықтай күрделестіріп тұр.

Украина соғысы да ядролық қарудан өз еркімен бас тарту

БОЛМАСЫН ЖАРЫЛЫС, БОЛМАСЫН!

Жарты ғасырға жуық уақытқа созылған «Қырғи қабақ соғыс» жылдары әлем елдері сыртқы күштерден қорғану үшін ядролық қаруды жанталаса өндіруге кірісіп, нәтижесінде АҚШ пен Ресейден бөлек, Франция, Англия, Қытай, Үндістан, Пәкістан, Израиль және Солтүстік Корея ядролық қаруға ие болды. Адамзатты біржолата жойып жіберуге қауқар-қуаты жететін қаруға әлем елдері асығып жатқанда, одан бас тартқан елдің бірі – Қазақстан. Осындай бастамашылдығымен қазақ билігі бейбітсүйгіш ел екенін танытып, берекелі қоғам құруға кірісті.

**Нұрлат
БАЙГЕНЖЕ**

Ядролық қарудың қауіп-қатерін терең түсінетін ұлттың бірі – жапондар, екіншісі – қазақтар. 1945 жылдың 6 тамызында империялық мүдделі АҚШ В-29 ұшағымен Жапонияның Хиросима қаласына бомба тастады. Жарылыс салдарынан қаланың 90 пайызы радиацияланып, 80 мың адам өлді. 9 тамызда Нагасаки қаласына кезекті бомба жарып, 40 мың адам бір мезетте мерт қылды. Осылайша

жапондар ядролық қарудың құдіретін сезініп, қасіретінен қайғы жұтты.

Кеңес Одағы 1949-1990 жылдары ядролық 715 сынақ жаса-са, соның 456-ы (оның 116-сы ашық әуе кеңістігінде) Семей даласында жарып, оның қазақ ұлтына тигізген әлеуметтік, экологиялық, психологиялық залал-зардабы толық саралан-ды дей алмаймыз. Бір анығы, қаншама кем-кетікпен туған балалар мен радиактивті сәулеленің әсерінен созылмалы ауруға ұшыраған адамдардың көз жасы

мен зар-зәруін ешнәрсемен ақтап ала алмаймыз.

1949 жылғы 29 тамызда таңғы сағат 7.00-де басталған ядролық жарылыстар соғыстан еш кем болмады, қайта соғыстың зардабынан артық болып, радиациядан 500 мыңдай адам зардап шекті.

Семей даласындағы осындай азап өмірге 1991 жылы 29 тамызда экс-президент Нұрсұлтан Назарбаев нүкте қойып, Семей ядролық сынақ полигонын жабу туралы Жарлыққа қол қойды.

Шүкір, Абай тағылымы мен танымына куә болған далада ядролық сынаққа арналған ұңғымалар жойылып, халықтың келешекке деген сенім-үміті арта түсті.

Сыр даласында кіндігі кесілген әкем әскери борышын өтеген жылдары Семей даласындағы радиациялы зақымдану ошақтарынан залалсыздандыру ісіне қатысты. Мемлекеттік деңгейде құпия ұсталған жердегі әскери қызметі туралы ашып айта бермейтін. Алайда өмірінің соңғы жылдары радиактивті



сәулеленің әсерінен болар, қатты науқастанып, төсек тартып, қиналды.

Ал Семейдегі сынақ алаңына жақын жерде туып-өскен азаматтардың өмірі қалай болды екен, ә?! Алғашқы жылдары алғашқы сынақтар туралы тіпті халыққа ескертілмей, сынақ кезінде тосыннан жарылған жарылысты көрген халық қандай күй кешті екен, ә?!

Әскери қуатының күшін ядролық қарумен өлшейтін тоғыз мемлекетте 5 мың данаға жуық ядролық қару, 15 мың данаға жуық ядролық оқтұмсық бар екен.

Қару – соғыс құралы. Оқ атылған жерде тыныштық болмайды. Бүгінгі Украина, Сирия жеріндегі берекесіз өмір соған дәлел болады. Егер соғыс алаңдарында ядролық қарулар

қолданса қалай болады, бұл жалпы адамзатқа тигізген үлкен қатер хәм қатыгездік емес пе?!

Қару жасауға, қару атуға кеткен қаржы мыңдаған, миллиондаған адамның тұрмыстық әлеуетін арттыруға жұмсалса ғой! Қысқасы, 29 тамыз – біздің отбасы үшін мән-маңызға ие күн. Өйткені Семейдегі сынақ алаңын біржолата жабуға үкім шығарылды.

АБЫЗ ҚАРИЯ, АҚЫЛМАН АРДАГЕР



Жалпы халықтық Референдум негізінде қабылданған ағымдағы Бас құжатымыз тәуелсіз еліміздің Ата Заңы болып, уақыт легінде 9 тараудан, 98 баптан тұратын мазмұны бейбіт еліміздің халқына айтарлықтай қызмет етті. Уақыт өзгерістер мен толықтыруларға, түрлі оқиғалар мен жағымды жаңалықтарға толы. Ата Заңымыз адам мен азаматтың конституциялық мәртебесін белгіледі, экономикалық құрылыстың негіздерін айқындады.

Кезегі келгенде жігерлі жас, құштарлығы мол еңбек адамдары, зиялы қауым бүгінде ардагер атанып, көп алдында өмірлік тәжірибесін келесі ұрпаққа табыстау мақсатында, әдемі қартайған ардагерлерімізге барынша белсенді және ұзақ өмір сүруге жағдай жасауға басымдық көрсетуде. Өмірдегі өзгерістермен қатар бүгінгі қатардағы қарияларымыз «Жаңа Қазақстан» қоғамында толайым табыстарға кенелетін сәттерді күтуде.

Уақыт жаңаруды, жаңаша ойлауды талап етуде. Конституциямызда көрсетілгендей, басты құндылық – халық. Ата Заңымыз адами құндылықтардың қорғаны десек болғандай. Соған орай күн тәртібіне ардагер қарияларымыздың хал-ахуалын жақсарту, өмір сүру белсенділігін арттыру мәселесі қойылуда. Олар саналы ғұмырын қоғамның дамуына сарп етті. Олар құрметке лайықты. Халық арасында абыз қариялар мен ақылы асқан ардагерлер аз емес.

Нұр-Сұлтан қаласында Ардагерлер кеңесі айтарлықтай үлкен игілікті іс-шараларды атқаруда. Атап айтқанда, Нұр-Сұлтан қаласы әкімшілігіне қарасты Ардагерлер кеңесінің төрағасы, өмірлік тәжірибесі мол азамат, басшылықта Сансызбай Еділов

барынша астаналық ардагерлерге жағдай жасауға аса мән беріп, ықылас танытуда.

Осы орайда Қалалық кеңестің мүшесі, қалалық Ардагерлер кеңесі жанындағы ақпараттық, насихат медиатобының жетекшісі Аширов Амангелді Абдухитұлы, Байғазин Мейрам Жолтайұлы, Дәуешов Еркін Дәуешұлы, Агибаева Раиса Мухамедиевна, Левченко Татьяна Петровна және Балтабай Ғалия Құсайынқызын атауға әбден лайық. Есімін елге танытып, атын атауға болатын ардагерлер саны аз емес. Жаны жас адам қартаймайды.

Кеудесі алтын сандық қариялар қашанда құрметке ие. Қазақ – қай кезде де ақылман ақсақалдарын, қазыналы қарияларын, көп арасындағы ел ағаларын төрге отырғызып, құрмет көрсеткен, қадір тұтқан халық.

Халқымыз 6-7 мүшел жасаған, өмірлік тәжірибесі мол азаматтарды Абыз қарияға балаған.

Бұл сыйластық үрдісі қазірде де маңызын жойған жоқ. Бүгінде қария жасына жетіп, олар қартайғанда қадірі қашып, қатардан шығып қалған жоқ. Сергектікті серік еткен, өмірге деген құлшынысы зор қариялар жеткілікті. Қазаққа әдемі қартаю деген сөз бар. Бұл ұғым жасы

ұлғайған сайын қадірі арта түсу дегенді білдірсе керек. Сан алуан кітаптың авторы, ғалым Өмірзақ Озғанбаев есімі елге таныс. Отыз жылдық тәуелсіздік жылдарында Қазақстанда болған сан алуан озығы мен тозығы қатар алмасқан іс-шаралардың басы-қасында бола білген ардагер абыз қария бүгінде өзінің өмірлік ұстанымын ту етіп республикалық ардагерлердің жай-күйін жақсартуға игі күш жұмсауда. Сондай-ақ ардагер атына лайық адамдар әлі де «Жаңа Қазақстанға» өз тарапымыздан не береміз, қандай ізгілікті іс атқарамыз деп ықылас танытуда. Қазақы ұғымда «Ауылында қарты болса, жазылып қойған хатпен тең» деп бағалап, қадір тұтып, жасы кішілер оларға құрмет көрсеткен. Сонымен қатар қазақы психологияда «төріңнен қарт кетпесін» деп, той-томалақты батасыз бастамаған, қариялардан бата алуға тырысқан. Бұл үрдіс қазақ арасында әлі де назардан тыс, көңілде жат болған жоқ.

Жаһанданудың салқыны тиіп жатқанымен елордамызда мемлекет тарапынан қарияларымызға айтарлықтай көңіл бөлінуде. Оған дәлел – астана аудандарында «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталықтарының ашылуы.

Қашанда ақылман аталар, қария жасындағы зиялы тұлғалар барда жастар тәрбиесі салтанат құрмақ, берілетін тәлім ақсамауы тиіс. Ата тәрбиесін алған ұрпақ пен батасын алған балаға халықтың ықыласы ерекше. Жақын туған-туысы болмаса да қазақ халқы қарияларды жалғыз қалдырмаған. Жалғызбасты қарияларға арнайы әлеуметтік үйлер ашылып, қамқорлық жасалуда. Қазақтың жастары үлкенге қарап бой түзейді.

Нұр-Сұлтан қаласында ардагерлердің денсаулығын жақсартып, ұзақ өмір сүруіне қолдау көрсету мақсатында «Ұзақ өмір сүру» орталығы ашылды. Онда қариялар спортпен шұғылданумен қатар, орталық мамандарынан психологиялық және құқықтық көмек ала алады. Сонымен қатар, лингвистикалық бөлімде тіл меңгеру, ал компьютерлік бөлімде ғаламторды игеруіне жағдай жасалған.

Егде жастағы азаматтар бос уақыттарында тоғызқұмалақ, дойбы, шахмат ойнай алады. Спорт түрлерімен айналысуға да қолайлы жағдайлар жасалған. Еңбек терапиясы, аспаздық, тіпті, йога бөлімі де бар.

Аталған орталық мамандарының айтуынша, скандинав жүрісі келушілердің сүйікті спорт түріне

айналған. Осындай зейнет жасындағы қариялардың өмір сүру белсенділігін арттыруда аталған орталықтардың директоры Ерке-таев Мұхтар Дюсенұлы барынша жаңашылдық танытып, бастамашылдық көрсетуде. Сонымен қатар «Белсенді ұзақ өмір сүру орталықтарының жанынан Зияткерлік даму клубтары ашылып, егде жастағы оқырмандардың кітап оқу мәдениетін одан әрі дамытуға жағдай жасалуда. Өмірлік тәжірибесі мол, өз ісінің шебері атанған қарияны біздің елде ақсақал деп ұлағат тұтады. Бауыржан Момышұлы атамыз айтқандай, тұтас бір ауылдың жыртығын бүтіндеп, айдынын асырып отырған қартқа ақсақал деп құрмет көрсетеді.

Дамыған елдердің бірі Ұлыбританияда қарттар мен жетімдер үйін біріктіріп, бір орталық батасыз бастамаған, қариялардан бата алуға тырысқан. Қазір бұл тәжірибені әлемнің басқа елдері де қолдана бастады. Ойға оралатыны – ықпалы ерек батыстық үрдістен жастарымызды арашалап алатын қазақы дәстүр, салт бойынша бесік тербетіп, ертегі айтып немере ұйықтатар әжелер мен аталар мектебін құру да артық болмасы анық. Бұл ретте жоғарыда аталған «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталықтарының үлесі зор. Абыз қария, ақылман ардагерлер елде бар.

Сондай-ақ ел ішінде орын алған дау-дамайын шешіп, арғы-бергі тарихтан әңгіме қозғап, тұлға бойына ұлттық рух, ізгі қасиеттерді молынан сізірген қартты абыз деп атаған. Қарттық жасқа келгенде әр тұлғаның көрген-білгені мол, біліктілігі жоғары көп жасаған ақылман қария, абыз ата атануы – заңдылық. Осыған орай М.Еркетаевтың бастамашылдығымен «Ұрпаққа аманат» Бірлестігін құру ниеті қазір көпшіліктің назарына ұсынылып, өзекті мәселе ретінде қарастырылуда. Түрлі бас қосулар мен кездесулер, зиялы қауым өкілдерімен дөңгелек үстелдер ұйымдастырылуда.

Ендеше, Нұр-Сұлтан қаласындағы ардагерлерге құрмет азаймақ емес.

Отбасыда да, қаламызда да ардагер азаматтарды назардан тыс қалдырмау үрдісі, мемлекет тарапынан қамқорлық жалғасын таба бермек деп ойлаймыз.

Маржан ПІРІМБЕТОВА,
Нұр-Сұлтан қаласы
Ардагерлер кеңесі
медиатобының мүшесі



АЛАШ АРДАҚТЫСЫ ҰЛЫҚТАЛДЫ

№48 Ахмет Байтұрсынұлы атындағы мектеп-лицейде ұлт ұстазының 150 жылдығына арналған «Білімнің атасы – Ахмет» атты рухани-мәдени кеш өтті. Нұр-Сұлтан қаласының Ішкі саясат басқармасы және Білім беру басқармасы, қалалық Ардагерлер кеңесі ұйытқы болған іс-шараға ардагерлер мен жастар, ұстаздар мен оқушылар қатысты.

Нұрлат БАЙГЕНЖЕ

Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық кеңесінің мүшесі, Алматы ауданы Ардагерлер кеңесінің төрағасы Марат Мустафин сөз алып:

– Биыл Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойы халықаралық деңгейде, ЮНЕСКО аясында атап өтеледі. Нұр-Сұлтан қаласында ұлт ұстазын ұлықтайтын 300-ге жуық іс-шара жоспарланса, соның бірі – №48 мектеп-ли-

ценде музей ашылды. Тағы бір қуанышты жаңалық, Ахмет Байтұрсынұлына берілген көшеде ескерткіш бой көтеретін болады, – деді.

Ал, әдебиеттанушы, алаштанушы Дихан Қамзабекұлы тұлғаның тарихтағы орнын саралады. Ғалымның сөзінше, Ахмет Байтұрсынұлы – ұлттық оқу-жазу жүйесінің реформаторы. Ол ұлттың дыбыстық, лексикалық, грамматикалық ерекшеліктерін негізге алып, төл әліпбиді енгізеді, ұлттық білім берудің негізін қалап, оқулықтар жазды.


Кешегі көрнекті ғалым, алаш қозғалысының қайраткері Ахметтің арманы қазақ қоғамында оқу-білім арқылы әділеттілік орнату болса, бүгінгі бала Ахмет-Мырзаның арманы оқу, іздену арқылы елге қызмет ету. Алты жастағы зейінді де зерек өспірім Абай



қова ақжол тіліп, Әліппе мен Абайдың өлеңдері кітабын сыйға берді.

Велосаяхатшы Ернат Қашқынов Торғай өңірінде жолға шығып, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы көшелер мен ескерткіші бар қалаларға арнайы барып, Ыстанбұл қаласында аяқтайды. «Абай оқу-жазу жүйесінің реформаторы. Ол ұлттың дыбыстық, лексикалық, грамматикалық ерекшеліктерін негізге алып, төл әліпбиді енгізеді, ұлттық білім берудің негізін қалап, оқулықтар жазды.

Кешегі көрнекті ғалым, алаш қозғалысының қайраткері Ахметтің арманы қазақ қоғамында оқу-білім арқылы әділеттілік орнату болса, бүгінгі бала Ахмет-Мырзаның арманы оқу, іздену арқылы елге қызмет ету. Алты жастағы зейінді де зерек өспірім Абай



ТУҒАН ЕЛГЕ ВЕЛОСАЯХАТ

Елорда тұрғыны, жасы жетпіс екіден асқан Кеңес Шоқанұлы Зубаиров мерейлі жасқа келіп отырған еліне велшеру жасауды жоспарлаған. Оған екі жылдай дайындалған. Велосипед сатып алып, астана өңірінде дайындық жасаған. Туған ауылы – Бестөбе. Мектепті сонда бітірген, армия қатарында болып, елге оралған соң алтын өндіретін шахтада он бес жылдан астам еңбек еткен. Кеңеске Бестөбенің әрбір үйі, көшесі тіпті шахтадан шығарылған тастарына дейін ыстық. Осындай елді мекеннің бүгінде жүдеңкіреп тұрғанына наразы. Шахталардың біразы жабылған, жұмыссыздар саны артқан. Кеңес Шоқанұлы алдына қойған жол жоспарын әбден пысықтап, 1 тамыз күні туған еліне Бестөбеге Ақсу, Бөгембай арқылы жол тартады. Бұл өңір Кеңес Шоқанұлына өте таныс, әрбір төбесі, жері белгілі. Онымен қоса үшінші күн болған соң әжептәуір төселіп қалыпты. Еліме он шақырымдай қалғанда балды-

здарым шахтерлер Берік пен Қуаныш қарсы шықты. Түс ауа латынша жазылған Бестөбенің стелласына жетеді. Екінші күні туған еліне сәлем беру үшін ауылды аралайды. Өзі оқып бітірген №2 орта мектепте болып, ұстаздармен кездесу өткізеді. Бестөбедегі қазақ орта мектебіне бас сұғады. Одан кейін ауыл әкімі Сырым



Уәлиұлы Қабай қарсы алып, ықыласы лебізін білдірді. Осылай кейіпкеріміз туған елінің 90 жылдығына арналған велосаяхатты аяқтап, аман-есен отбасына оралады.

Еркін ДӘУЕШҰЛЫ,
елорда қалалық
Ардагерлер кеңесінің
медиатобының мүшесі

ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМ ЖҮКТЕМЕСІ ҚАНДАЙ?



Биыл Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің Қалалық жедел медициналық жәрдем станциясының құрылғанына 90 жыл. Осыған орай елордада «Қазақстан Республикасындағы жедел медициналық жәрдем қызметінің өзекті мәселелері» тақырыбында ғылыми-практикалық конференция өтті. Жиынға еліміздің барлық өңірлеріндегі осы қызмет өкілдері, сала ардагерлері және шетелдік медицина мамандары қатысты.

Райхан
РАХМЕТОВА

Конференцияда елорданың жедел медициналық жәрдем станциясының даму тарихы мен жетістіктері туралы айтылып, саланың бүгінгі таңдағы өзекті мәселелері мен даму перспективалары сөз болды. Мерейтөу иелеріне арналған қала әкімі Алтай Көлгіновтің құттықтауын оның орынбасары Ерлан Бекмурзаев жеткізді. Жиында сөз алған жедел жәрдем қызметінің ардагері, Жоғары медицина колледжінің оқытушысы Балқия Сүлейменованың айтуынша, бас қаланың жедел және шұғыл медициналық көмек қызметінің тарихы 1932 жылдың 14 ақпанынан басталады.

– Ақмоланың №1 қалалық ауруханасының базасында қала тұрғындарына жедел және шұғыл медициналық көмек көрсету бөлімшесі ашылған болатын. Бастапқыда жедел медициналық көмекті 2 фельдшер ат көлігімен негізінен күндізгі уақытта көрсетті. Ал 1959 жылдан бастап алғаш рет өз алдына бөлек жедел жәрдем қызметі ұйымдастырылды.



1970 жылдары жедел жәрдемде дәрігерлер де қызмет ете бастады, арнайы бригадалар жұмысы іске қосылды. 2003 жылы Қазақстанда бірінші рет елорданың осы саладағы диспетчерлік қызметі автоматтандырылды. Сол жылы біз жапониялық грантты ұтып алдық. Міне, осылай қызмет керсету сапасы біртіндеп жақсарып,

дамып, бүгінгі деңгейге жетті. 90 жыл уақыт ішінде елордадағы жедел медициналық жәрдем қызметі үлкен даму сатысынан өтті. Қазіргі уақытта станция жоғары білікті мамандары, өзінің заманауи жабдықтары, дәрі-дәрмектері және санитарлық автокөліктері бар қаланың жетекші емдеу-профилактикалық мекемелерінің біріне айналды, – деді Б. Сүлейменова.

Қалалық жедел медициналық жәрдем станциясының директоры Мұрат Оразбаевтың айтуынша, елордада бір орталық станция және 4 аудандық қосалқы станция мен 11 орналастыру пункті бар. Кәсіпорын 120 санитарлық автокөлік, оның ішінде 27 реанимобильмен қамтамасыз етілген.

– 2019-2020 жылдары мемлекеттің, әсіресе, қала әкімдігінің қолдауымен 101 санитарлық автокөлік сатып алынды. Осылайша станция автопаркi 100% жаңартылды. Автопаркiн жұмысын тиімді қамтамасыз ету үшін жеке техникалық қызмет көрсету станциясы ұйымдастырылған. Барлық автомобиль GPS спутниктік навигация жүйесімен, сондай-ақ заманауи медициналық жабдықтармен жабдықталған. Бұл

Израиль Ұлттық жедел медициналық жәрдем қызметінің парамедиктерді даярлау орталығының аға нұсқаушысы, Safeguard Medical компаниясының клиникалық директоры Э.Вершиловский қатысып, Израильдің жедел жәрдем қызметін ұйымдастыру жайына тоқталды. Сондай-ақ ресейлік реаниматолог-анестезиолог А.Переведенцев «Жүрек-өкпе реанимациясына арналған жаңа технологиялар: болашаққа көзқарас» тақырыбында баяндама жасады. Конференция аясында медициналық технологиялар көрмесі ұйымдастырылды. Оған озық медициналық жабдықтарды көрсету үшін отандық және шетелдік медициналық техниканы өндірушілер қатысты.

Денсаулық сақтау министрлігінің медициналық көмекті ұйымдастыру департаментінің директоры Азамат Дүйсенов пандемия кезінде елдегі жедел жәрдем қызметіне түсетін жүктеме бірнеше есе артқанын атап өтті. Конференцияда сонымен қатар медициналық ұйымдар қызметіндегі Қадағалау кеңсесінің ролі, денсаулық сақтау жүйесіндегі мемлекеттік-жеке әріптестік, салаға менеджер-

лер дайындау, медициналық ұйымдарды аккредитациядан өткізу, медициналық мекемелердегі кәсіподақ қызметі, жедел жәрдем қызметін цифрландыру, Қазақстандағы жедел медициналық қызметтің мамандарының халықаралық стандарттарға сай оқыту, осы саладағы ақпараттық жүйе, санитарлық көліктер жайы да сөз болды.

жабдықтар жыл сайын сервистік тексеруден өтеді. Станцияда 1414 қызметкер еңбек етеді, кадр тапшылығы жоқ. 103 пультіне елорда тұрғындары мен қонақтарынан тәулігіне шамамен 3 000-3500 қоңырау түседі. Күн сайын желіге 80 бригада шығады, – деді Мұрат Оразбаев өз баяндамасында. Іс-шараға сонымен қатар

ІКОМЕК-КЕ 1,5 МЛН ӨТІНІШ ЖІБЕРДІ

Жыл басынан бері Нұр-Сұлтан тұрғындарынан «iKomek: қоғамдық қабылдау қызметіне 1 млн 401 мың өтініш түскен. Бұл туралы «109 бірыңғай байланыс орталығы» департаментінің директоры Әсел Өмірзақ онлайн-брифингіде айтты.

– 2018 жылы «iKomek» орталығына 1 млн 37 мыңнан астам өтініш түссе, 2019 жылы 1 млн 670 мың өтініш, 2020 жылы 2 млн 197 мың өтініш, 2021 жылы 2 млн 490 мың өтініш



қабылданды. Ал 2022 жылдың басынан бері 1 млн 401 мың өтініш түсті, – деді департамент басшысы.

Сондай-ақ ол түсетін қоңыраулардың 85 пайызға жуығы дереу шешімін табатынын атап өтті. «Бүгінде «109» орталығына тұрғындардан келіп түскен өтініштердің 84,8 пайызы алғашқы қоңыраудан кейін жабылады. «iKomek» орталығын құрған сәттен бастап халыққа қызмет көрсету функциясы кеңейіп, 1800-ден астам мәселе қамтылды. Бүкіл коммуналдық кәсіпорындардың, медициналық ұйымдардың, әкімдік басқармаларының call-орталықтары біріктірілді. Осылайша қала тұрғындарымен байланысатын бірыңғай орталық жұмыс істеп тұр» деді Әсел Өмірзақ.

ТЕХНИКАЛЫҚ ҮЗІЛІСКЕ ШЫҒАДЫ

«Қазпошта» АҚ жоспарлы техникалық жұмысқа байланысты 3 күн қызмет көрсетуді тоқтатады.

– Жоспарға сай жүріп жатқан техникалық жұмыстарға байланысты Нұр-Сұлтан уақытымен 2022 жылдың 28 тамыз сағат 00:00-ден 2022 жылдың 31 тамыз күнгі сағат 08:00-ге дейін «Қазпошта» АҚ бөлімшелерінде, постамактарда, терминалдарда,

«Касса24» терминалдарында, post.kz, postbank.kz сайттарында пошта және қаржы қызметтерінің барлық түрі жұмысын тоқтатады. Егер «Қазпошта» АҚ қызметтерін алатын болсаңыз, алдын ала жоспарлаңыз, – делінген хабарламада.

Газетіміздің келесі саны 2022 жылдың 1 қыркүйек күні шығады.



464 МЫҢ ТОННА КӨМІР КЕРЕК

Елордаға биылғы жылыту маусымында 464 мың тонна көмір қажет. Бұл туралы Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Индустриялық даму комитеті Қара металлургия және көмір өнеркәсібі басқармасының басшысы Жанат Игісінов айтты.

– Жылыту маусымының басында барлық өңірдің көмірге қажеттілігі жоспарын әзірледік. Бұл мәліметтерге сәйкес, Нұр-Сұлтан бойынша 464 мың тоннаны құрап отыр. Бүгінгі таңда 25 мың тоннадан астам көмір әкелінді, – деді ол.

ТАҒДЫРДЫҢ ӨЗІ ШЫҢДАҒАН

Бырымтай Құлдақызы ардақты ана, аяулы әже ғана емес, туған жерінің нағыз патриоты, ата-баба тарихынан тынбай сыр шертетін әңгімешіл адам еді. Тағдырдың салған қиындығына мойымай, алға ұмтылған еңбекқор жанның елге сіңірген ерен еңбегі, өнегелі істері баршаға үлгі. Бырымтай апаның өкісі көп өткен күндер жайлы айтатын тағлымға толы әңгімелері кім-кімді болмасын баурап алатын.

Ол әкесі Құлданы қатты жақсы көретін. Құлда ақсақалға «Халық жауы» деген жала жабылса да, оның ел мен жерге тигізген титтей де болса зияны жоқ. Қайта қазақ елінің қарқынды дамып, төрткүл дүниеге танылуы үшін төккен тері ақтаусыз қалды. Жанға бағатыны да осы.

– Мен әкемнің бейнесін білмеймін, есімде қалмапты. Көпшіліктің айтуына қарағанда, ерекше сәнді киінетін екен. Сол уақытта елде сирек кездесетін қара тон, аяғына саптама етік, басына ине жіптен жаңа шыққан түлкі тымқал киіп, қызыл матадан тігілген сала құлаш ұзын белбеумен белін қынай буынып жүреді-мыс. Мұның барлығы әкеміздің онсыз да шырайлы өңін одан әрі келбетті ете түседі. «Егіндібұлақ» артелінің басқарма бастығы болып қызмет атқарған әкеме жеке шаруаларымен адамдар көп келетін. Ол бұйымтайымен келген жандардың сөзіне құлақ асып, үнемі қолдау көрсетуге ниеттенетін. Содан болар, бұлайғы жұрт әкемізді ерекше сыйлайтын, қадір тұтып, құрметтейтін. Тіпті, Қазақ КСР Халық комиссарлар кеңесінің төрағасы Ораз Исаев та әкеміздің құт қонған шаңырағына ат басын бұрып, дәм татқан деседі. Мен ол кезде бесіктен белі шықпаған кішкентай баламын. Мұның барлығы өсе келе үлкендерден естітім, – деді әңгімесін әркіз осылай бастайтын Бырымтай апай. Құлда ақсақалдардың адами қасиеттерін тілге тиек етуден еш жалықпайтын еді. Әсерлі әңгімесін айтқан сайын тыңдаушысын баурай түседі.

Не керек, Құлда ақсақал қылышынан қан тамған 1937 жылдың құрбаны болды. «Қақаған қыс мезгілінің бір күнінде ауыл орталығында партия жиналысы өтіп жатады. Онда мемлекеттік заемды жұртшылыққа тарату мәселесі қаралған еді. Ауданнан келген өкіл сөзін әдеттегідей «Егіндібұлақ» артелінің еңбеккерлері коммунистердің, яғни мына отырған сіздердің басылыңдарыңызбен заемді көптеп алады және дереу таратады деген сенімдеміз» деп екпіндеп аяқтаған. Артель жетекшісі, әкем Құлда Мақжанов «Әкелген заемдарыңыз тым көп екен. Оны осыншалықты қысқа мерзім ішінде тарату қиын болып жүрмес» деп өз ойын ортаға салады. Оның осы сөзі өзіне пәле болып жабысады. «Сен халықты үкіметке қарсы үгіттердің, үйінен халық жауы Ораз Исаев дәм татқан, сен оны құйыршығысың, халық жауысың» деп әкеміздің қолына кісен салып, аудан орталығына алып кетеді. Ол сол кеткеннен мол кетті» деп көзіне жас алатын Бырымтай апай. Әкенің аялы алақаннан сезбей өскен ол Құлда ақсақал жайлы әңгіме қозғағанда жанарындағы өңгіме қозғалып, алаңы алушы еді. Артынан мәлім болғандай, Құлда ақсақалды тергеуге де жеткізбей, қашуға әрекеттенді деген желеумен көзін жойған көрінеді. Жауыз тағдыр қаншама жазықсыз жандардың



ғұмырына балта шапты десеңізші. Құлда ақсақалдың артында үш қыз жетім қалады. Балапандардың шешелері ертеде көз жұмып, әкелері айдалынып кеткеннен кейінгі өмірін ешкімнің басына бермесін. «Халық жауының» баласы деген қара таңба қайда жүрсе де алдынан шығады. «Осыдан асқан қорлық жоқ» деп отыратын көзі тірісінде Бырымтай апай. Бырымтай апаның әпкесі Әминаның Құлда ақсақалдың туысы Аманжол бауырына салып, оқытып, тәрбиелеп, тұмысқа шыққанға дейін әке орнына әке, шеше орына шеше болып қамқорлық жасайды. Ал Бырымтай апай мен сіңісі Бағиға әкелерінің ағасы Әбілқасым қолында қалады. Ол кісінің жұбайы айжан мүгедек адам екен. Сол себепті, үйдегі бар шаруаны, қос қыз тындыратын. Еңбекке ерте араласқан олар ұйымшыл, табанды болып бой жетеді.

Өмірдің азды көпті қиыншылығын көрген тұқ емес. Әде біреудің «Кімнің баласысың?» деген сауалы жанымызды мазалайтын. Мұндай жағдайда күмілжіп, әкеміздің атын айтуға қайырмамыз. Сөйтіп жүріп тағдырдың салған тәзіне көніп, көптен қалмай есейдік. Десе де, тағдырдың долы дауылына тап болған бізге көмек қолын созып, аяушылық сезімін білдірген жаны жоқтар жандар да аз болмады. Әсіресе, әкем Әмина мен жездеме шексіз қарындарым. Бізді жан жылуына бөлеген жақандарымыз бірі, жұбайым Қайриден Жүмекенді еді. Ол да мен сияқты жетімдік пен жоқтықты көп көрген адам. Тоғыз баланың анасы болып, қуанышқа толы құрметіміз басталды. Алайда, Алла оныда көп көрді. Балаларымыз алды 14-ке келіп, соны қыркынан шықпай жатып әкелері көз жұмды. Осыдан кейін менде қызу еңбекке кірістім. Асыл жарымын қазасы қабырғамды қайыстырса да, мойымадым. Себебі, қатал тағдырдың өзі тәрбиелеген. Тек ала ұмтыламыз» деп тұңғыш ойға шолған Бырымтай апаны көргенде жаным күйіседі.

Уақыт зыммырап, ұрпақ алмасты. Құлда Мақжанұлының оңат болғанына да біршама жыл толды. Әке аты барынына насихатталды. Заман түзелгеннен кейін оның өнегелі істері жайлы жиі айтылатын болды. Бырымтай апаға осыдан асқан бақыт та қажет емес еді. Ол «Алексеевка» ауылындағы қуғын-сүргін құрбандарына арналған ескерткіше жыл сайын барып, тағым етіп тұратын. Себебі, ескерткіш тақтада Құлда ақсақалдың да есімі ыстық жасты бір ыршып алушы еді. Артынан мәлім болғандай, Құлда ақсақалды тергеуге де жеткізбей, қашуға әрекеттенді деген желеумен көзін жойған көрінеді. Жауыз тағдыр қаншама жазықсыз жандардың

Аяулы анасын еске алушы
Баламариден

Нұр-Сұлтан қалалық Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 22.08.2022 жылғы нұсқамасымен ЖҚ Сентоваға Н.Б. ЖСН590809401618, Нұр-Сұлтан қ. Сарайшық к., 11/1, оңалту рәсімін қолдану туралы өндіріс қозғалды.

Барлық мәселелер бойынша және талаптарды қабылдау тәртібі жайлы уақытша басқарушы Кабарсейтовке Е. тел. 8071-343-0908, 8771-072-0515, esen2008@mail.ru хабарлауға қажет.

Құрметті қала тұрғындары мен қонақтары!

«Столичная дезинфекция» ЖШС 29.08.2022 жылдан бастап Нұр-Сұлтан қ. таяз су айдындарында және ашық станцияларда 5-ші турдың маса шіркейлерді жою жұмыстары басталатынын хабарлайды. Тел.: 38-20-08, 8-747-329-40-18.



КОНСТИТУЦИЯҒА АРНАЛҒАН КӨРМЕ

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы кітапханасында Конституция күніне арналған «Ата заң – мемлекеттіліктің арқауы» атты көрме ашылды.

Кітапхана директоры Бақытжан Темірболаттың айтуынша, 1995 жылғы Конституция жас Қазақстан мемлекетінің құқықтық негізін қалап, оның алдағы маңызды жетістіктерін алдын ала белгіледі. Өз кезегінде, жүргізіліп жатқан конституциялық реформа Жаңа Қазақстанның табысты құрылысы үшін жағдай жасауға арналған.

«Тәуелсіз Қазақстанның Конституциясы туралы сөз қозғалғанда, Ата Заңымыздың бастауында тұрған Салық Зиманов, Сұлтан Сартаев, Ғайрат Сапарғалиев сынды қазақтың көрнекті заңгер ғалымдарының есімдерін еске алмасқа болмайды. Дәл осылар Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың

тапсырмасы бойынша егемен Қазақстан Конституциясының негізгі ережелері мен қағидаларын тұжырымдады» деді мемлекет және қоғам қайраткері Қуаныш Сұлтанов.

Қазақстан Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстарды тұжырымдау жөніндегі жұмыс тобының мүшесі Ермек Әбдірәсіловтің сөзінше, Қазақстан халқы Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың саяси реформаларын қолдады.

«Енді бізге жаһандық демократиялық қайта құрудың күрделі жолынан өту керек. Бүкіл отандық заңнаманы жаңартылған Конституцияға сәйкестендіру республиканың мықты Парла-

менті бар президенттік басқару нысанына көшуге, саяси институттардың жұмыс істеуінің тиімді үлгісін жасауға, билік тармақтары арасындағы тежеу мен тепе-теңдік жүйесін нығайтуға, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды арттыруға көмектеседі» деді Ермек Әбдірәсілов.

Көрме 3 бөлімнен тұрады. «Ұлы даланың ұлағатты заңдары» атты бірінші бөлімде дала демократиясының алғашқы құқықтық заңдары туралы материалдар ұсынылды. Қазақ қоғамының маңызды заңдары: «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», Өз Тәукенің «Жеті жарғысы», Ш. Уәлихановтың «Сот ре-

формалары туралы жазбалар» атты еңбегі, А. Құнанбаевтың «Қарамола ережесі», Алашорда үкіметінің саяси бағдарламасы туралы мәлімет беретін кітап басылмалары бөлімнің мазмұнын ашады.

«Конституция – тәуелсіздік тірегі» атты бөлімде Елбасы кітапханасы жинағынан егемендік пен тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңді бейнелейтін мұрағаттық құжаттар мен фотосуреттер ұсынылады.

Ал «Қазақстан Республикасы Конституциясының эволюциялық дамуы» бөлімінде Қазақстан Республикасы Конституциясының қазіргі заманғы даму кезеңдері туралы құжаттар, 2022 жылғы 5 маусымда өткен Республикалық референдумның материалдары алғаш рет жүйеленген түрде берілген.

Баян АСЫЛБЕКОВА

«КҮЙ ҒҰМЫР» КОНЦЕРТІ ШАҚЫРАДЫ

2 қыркүйек күні «Астана Опера» театрында күйші-композитор Аққыз (Мүгілсім) Ахметқызының 125 жылдығына және Қазақстанның Халық әртісі Мағауия Хамзиннің 95 жылдығына арналған «Күй ғұмыр» концерті өтеді.

Музыкалық кешпен Е.Рахмдиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның «Сарыарқа» фольклорлық ансамблі XXV концерттік маусымын ашады (көркемдік жетекшісі – халықаралық және республикалық байқаулардың лауреаты Тоғжан Жахин).

Мерейтойлық концерт аясында Аққыздың «Қосбасар», «Жетім қыз», «Қайран елім», Мағауия Хамзиннің «Ғарышкерлер вальсі», «Белгісіз солдат», «Жайлау», т.б. шығармалар орындалады.

Концерт қонақтары – Қазақстан

ның еңбек сіңірген қайраткері Ернар Мыңтаев жетекшілік ететін Ғ.Жұбанова атаңдағы Мемлекеттік ішекті аспаптар квартеті Арман Жайымов пен Қуат Шілдебаевтың өңдеуіндегі Тәттімбет пен Төлеген Момбековтің күйлерін орындайды. Осы кеште тыңдармандарға өз шығармашылығын Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Жанғали Жүзбай, Қалкен Қасымов, Болат Тәкішев, Марат Нүкеев, Қайрат Айтбаев, Ерболат Сапуанов, Рүстем Нүркенов, Амангелді Садуов тарту етеді.



АТА ЗАҢ – АЛТЫН ҚАЗЫҚ

Нұр-Сұлтан қаласының Бірлескен мұражайлар дирекциясы Конституция күніне арнап бірнеше шара ұйымдастырды.

Алдымен дирекцияға қарасты тарихи-мәдени мұра объектілерін және ескерткіштерді сақтауды қамтамасыз ету орталығының маман-әдіскері А.Жұмабаева Қосшы қаласының орталық қалалық кітапханасында «Конституция – біздің болашағымыз» атты тәрбие сағатын өткізді.

Шарада «Сауран» балалар орталығы мен кітапхана оқыр-

мандарына «Ата Заң – еліміздің еңсесі» атты көрме ұсынылды. Ал «Атамекен» Қазақстан картасы» этно-мемориалдық кешенінде «Ата заң – демократиялық биліктің бастауы» атты дәріс өтті. Оның барысында А.Жұмабаева Конституцияның бірнеше бабымен таныстырып, азаматтардың құқықтары мен міндеттері туралы айтты.

ЖӘРМЕҢКЕНІҢ ЖЫЛУЫ

Елордадағы Demalys promenade аллеясында «Мектепке жол» жалпы республикалық қайырымдылық акциясы аясында мектеп жәрмеңкесі өтті.

Таңертеңгі 10.00-де басталған жәрмеңке кешкі сағат 19.00-ге дейін жаңа оқу жылына дайындалған ата-аналар келіп, баласына қажетті киім-кешек пен құрал-жабдықтарды алды.

Қазір мектепке керекті жарақтарға сұраныс жоғары. Оны сатып алуға барлық ата-ананың жағдайы келе бермейді. Сондықтан нарық бағасынан арзан сатылымға шығарылатын жәр-

меңкені ұйымдастыру маңызды міндеттің бірі саналады.

– Менің төрт балам бар. Оның үшеуі мектепке барады. Оларға арзан әрі сапалы заттарды іздейміз ғой. Жәрмеңке туралы естіп, осында арнайы келдім. Мұнда балаларыма қажеттінің бәрін таптық. Мұндағы тауарлардың сапасы да, бағасы да көңілден шықты, – деді елордалық тұрғын Айгерім Бисембаева.



МЕРЕКЕЛІК ВЕЛОШЕРУ

Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі 30 тамыз күні Конституция күні мерекесіне орай өтетін «Бұқаралық велошеруге» шақырады.

Мерекелік жарысқа қатысушылар 20 шақырым қашықтықты Қосшы айналма веложолынан бастап, «Үркер» елді мекенінің «Жасыл белдеу» саябағында мәреге жетеді. Велошеруге әрбір қатысушы өз велосипедімен жіберіледі.

Қатысушыларды тіркеу сағат 09:00-ден 09:30-ға дейін жүргізіледі. Ал жарыс сағат

10:00-де басталады.

Велошеру аяқталғаннан кейін қатысушылар арасында лотерея және бағалы сыйлықтар ойнатылады.

Сонымен қатар, қала тұрғындары тір тасын көтеру, қол күресі, арқан тарту, асық ату сынды ұлттық спорт түрлерінен сайысқа қатысып, бақтарын сынай алады.

